Сыр бойы

№140-141
(20016-20017)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

19 қыркүйек, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

COVID - 19

2 Карантин шаралары жеңілдетілді

МЕРЕЙ



4 Білім ордасының белесі

ТАҒЫЗЫМ

7 Рух биігіндегі болмыс

АБАЙ – 175

8 Абай мектебіндегі шешендік өнер

ПРЕЗИДЕНТ

Құттықтау жеделхатын жолдады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияның Премьер-министрі Ёсихидэ Сугаға аса жауапты лауазымға сайлануымен құттықтап жеделхат жолдады.

Жеделхатта жаңа Үкімет басшысының ел дамуына және жапон халқының берекесін баянды етуге, Жапонияның әлемдік қауымдастықтағы беделін одан әрі арттыруға бағытталған игі істері мен бастамаларының табысты болуына тілектестік білдірген.

«Қазақстан мен Жапония арасындағы дәстүрлі достық пен өзара қолдауға негізделген мазмұнды саяси диалогымызды, әртүрлі салалардағы жемісті ынтымақтастығымызды өрістете түсу үшін Сізбен күш-жігер жұмылдыруға дайын екеніме сендіремін», – деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы қалыптасқан стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту мақсатында, Жапонияның Премьер-министрі Ёсихидэ Суганы Қазақстанға сапармен келуге шақырған. Қасым-Жомарт Тоқаев Ёсихидэ Сугаға аса жауапты қызметте сәттілік, жапон халқына құт-береке тілеген.

ЕЛБАСЫ

Саулық пен қауіпсіздік мәселесі талқыланды

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Кездесуде халықтың денсаулығы мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Ең алдымен Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы дәрігерлердің, полиция қызметкерлерінің, әскери қызметкерлердің және коронавирус инфекциясымен күресуге үлес қосқан басқа да сала өкілдерінің жанқиярлық еңбегін атап өтті.

Кездесу барысында Денсаулық сақтау министрі А.Цой қазіргі эпидемиологиялық қауіп-қатерлерге дайындық туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері Ұлттық экономика министрі Р.Дәленовтің әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі тәуекелдері мен оларды алдын алу шаралары туралы, сондай-ақ Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтің білім беру процесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері туралы есептерін тыңдады.

Нұрсұлтан Назарбаев жаһандық пандемияның «екінші толқынына» ресурстарды дайындау, алдын алудың кешенді шараларын әзірлеу қажеттігін, сондай-ақ сырқаттану деңгейін шынайы бағалау мен болжаудың маңыздылығын атап өтті. Сонымен бірге, кездесу барысында құқық қорғау органдарына қылмыстық ахуалдың нашарлауына және қылмыстың өсуіне жол бермеу, сондай-ақ алдын алу шараларын әзірлеу тапсырылды.

ПАРЛАМЕНТ

Пилоттық жоба таныстырылды

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшелері Жоғарғы Сотта болып, Жоғарғы Сот Төрағасымен және судьяларымен сот жүйесі саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша жұмыс кездесуін өткізді.

Жоғарғы Сот Төрағасы Жақып Асанов сот жүйесін одан әрі жаңғырту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы айтып берді. Оның ішінде судьяларды іріктеу рәсімдерін, оларды бағалау және жауапкершілігін арттыру жүйесін жетілдіру туралы хабардар етті.

Депутаттарға отбасылық дауларды қарайтын жалпы юрисдикция соттары қатысатын «отбасылық сот» пилоттық жобасы таныстырылды. Жоба аясында судьяларға психологтар, медиаторлар және басқа да мамандар көмек көрсетеді. Жоба бастамашылары мұндай тәжірибе дауларды тиімді шешуге, отбасыларды сақтауға және кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қорғауға мүмкіндік беретініне сенімді.

ШИЕЛІ, ШЫРАЙ КӨРДІМ КЕЛБЕТІҢНЕН...

Шиелі – еңбекті сүйген жұрт. Содан болар, бұл елде бейбіт күннің батырларының көптеп болуы. Бір мысал. Осындағы шағын ауыл Ақмая-Авангардтың өзінен 16 Еңбек Ері шығыпты. Ал, жалпақ жатқан Шиеліден 40 адам Социалистік Еңбек Ері атанған. Ыбырай Жақаев атамыздың өзі қара кетпенін құлаштай сермеп, осы марапатты екі рет иеленген.

Міне, біз Шиелідеміз. Қойын дәптерді қолтыққа қысып, көргенімізді түртіп аламыз. Мақсат – мемлекеттік маңызды бағдарламалардың өңірлерде орындалуын көру.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Жаңа әкім және Жаңатұрмыс

Осында жүріп естігеніміз, аудан орталығына төбесі көрініп тұратын Жаңатұрмыс ауылдық округіне жақын күндері газ барады. Шиелі ауылдарының 70 проценті ауданға тиіп тұр. Мұның пайдасы, орталықта газ тарату пунктерінен елді мекенге көгілдір отынды жеткізу аса қиындық тудырмайды. Жаңатұрмыс ауылдық округі, Байсын ауылы да осындай еді.

Байсынның әкімі жаңадан тағайындалған. Оның айтуынша, биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы» негізінде қомақты қаржы бөлінген. Бас мердігер «Сапақ» ЖШС ауыл ішіне газ құбырын тартып, қазан айының ортасында бұл жұмыстар толық аяқталады.

– Ауылға тартылған газ құбыры 17 шақырымды құрайды. Мердігер мекеме осындағы 159 үйдің ауласына кіргізіп береді. Осы жұмысқа жергілікті халықтан 16 адам тартылды. Қазір үшінші ай. Жалақылары тұрақты. Ауылдан қосымша техника да жалға алынды. Айтпақшы, мердігер мекеме ауылдағы тұрмысы төмен екі отбасының үйіне газ тартуды тегін жүргізіп, пеш пен басқа құралдарын тегін алып бермек. Ауыл мешітіне де сондай көмек көрсетіледі, – дейді ауыл әкімі Балдаурен Шәкіртаев.

Газ келсе, ауыл өмірі шынымен жақсарары анық. Өйткені, бұрынғыдай емес, ауылға көшіп келіп, кәсіппен айналысамын дейтіндер көбейген. Биылдың өзінде Байсында 17 жаңа үй тұрғызылып жатыр. Әкім сөзіне сенсек, жақын күндері осы елде 21 түрлі нан өнімдерін аудан орталығы мен жергілікті халыққа ұсынатын наубайхананың құрылысы бітеді. Үш мал бордақылау алаңының жері белгіленіп, бүгінде құжаттардың рәсімделуі бітуге таяу тұр. Ең қуаныштысы, келесі жылы Жаңатұрмыста 250 орындық жаңа мектеп бой көтереді. Жоба-сметалық құжаттары дайындалып, қаржыға өтінім беріліп қойған.

Кептелістен құтылар күн алыс емес

Шиелі ауданының орталығындағы басты мәселенің бірі – темір жол өткелі. Шыны керек, әрі-бері пойыз өткенде 1-1,5 шақырымға дейін кептеліс пайда болып, жүргізушілер жүйкесіне үлкен салмақ түсірген өткел мәселесі биыл оң шешімін таппақ. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» негізінде қаржысы шешілген көпір құрылысы жыл аяғына дейін бітеді.

– Осы бағдарлама аясында біздің бөлім арқылы жүргізілетін жобалардың бірі – «Шиелі-20 бекет» учаскесінің 2945 шақырымындағы қос жолды темір жол арқылы автокөлік өтетін көпір салу» жобасы. Құрылысқа жауапты мердігер – «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС.

2-бет.

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

ЖҰРТ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН ЖОБА

Бүгінде елімізде сәтті жүзеге асып жатқан «Ауыл – ел бесігі» жобасының негізгі мақсаты – ауылдағы өмір сүру сапасын жақсарту, ауылдық аумақтардың әлеуметтік ортасын жаңғырту, оларды өңірлік стандарттарға жеткізу.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Жоба шеңберінде ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту, ауыл тұрғындарының әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұтастай алғанда, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі бірқатар міндеттер шешіледі. Жобаны іске асыруға 2019-2021 жылдары республикалық бюджеттен 90 млрд теңге қарастырылса, өткен жылы оның 30 млрд теңге игерілді. Оның ішінде 1,7 млрд теңгесіне біздің облыстан 2 елді мекен бойынша 31 жоба іске асырылғанын айта кету керек. Республикадан бөлінген қаржыға облыстық бюджеттен қосымша 200 млн теңге қосылып, барлығы 1,9 млрд теңге игерілген.

– Ауыл тұрғындары бек риза. Мемлекет қыруар қаржы бөліп, халықты мазалап жүрген түйткілді мәселелер шешімін тауып жатыр, – деді Қазалы ауданы Майдакөл ауылдық округінің әкімі Қонысбек Құрманбаев Бекарыстан ауылында жүргізіліп жатқан жұмыстарға қатысты әңгімелескенде.

Иә, ол рас. Облыста биыл 8 ауылдық елді мекенде 52 жоба жүзеге асырылуда. Соның бірі – Бекарыстан ауылы. Мұнда жоба аясында №24 мектептің шатыры жаңартылса, қазіргі күндері жеті көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мұнан бөлек, үй-үйге ауызсу желісі кіргізіліп, сегіз көше жарықтандырылуда. Бұл жұмыстарды аудандағы жергілікті мердігерлер – «Н Строй-сервис», «Намыс құрылыс», «Нұрас и К», «Сыр маржаны» және «Қазалы жолшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері атқаруда. Атап өтерлік жайт, осы жұмыстарға отыз бекарыстандық азамат тартылған. Аталған жұмыстардың жалпы құны 930,4 млн теңге. Қысқасы, бір ауылдық елді мекенге 1 млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп, тұрғындар ауылға деген қамқорлықты анық сезінуде.

Біздің өңірде биыл бұл жобаны жүзеге асыруға 5 млрд 126 млн теңге бағытталып отыр. Оның ішінде республикалық бюджеттен бөлінгені 4 млрд 636 млн теңге болса, қалған 490 млн теңге облыстық бюджет қаржысы.

Облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының бөлім басшысы Мәріп Ақбар аталған қаржының қайда жұмсалатынын айтып берді. Облыс бойынша 8 елді мекенде 52 жоба жүзеге асырылады Олар ауыз сумен қамтамасыз ету – 2 жоба (Бекарыстан би, Жаңақорған кенті). Мектеп құрылысы – 2 жоба (Жақсықылыш, Жалағаш кенті балалар әуез мектебі). Мектепке күрделі жөндеу – 4 жоба (Бекарыстан би, Ақмая, Маханбетов, Шалқия). Денешынықтыру-сауықтыру кешені құрылысы (ФОК) – 1 жоба (Жақсықылыш). Ауылдық клуб – 1 жоба (Шалқия). Көшені жарықтандыру – 10 жоба (Бекарыстан би – 8, Ақжарма – 1, Ақмая – 1).

Елді мекен ішіндегі көшелерді орташа жөндеу – 32 жоба, жалпы ұзындығы 66,4 шақырым. Бұл елді мекендер бойынша облыстағы ауыл халқының 15,3%, яғни 68 мың адам қамтылады.

Сонымен қатар, биыл мемлекеттік сатып алу нәтижесі бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаржыдан 460 млн теңге үнемделіп, жалпы ұзындығы 19,8 шақырым құрайтын ауыл ішіндегі жолдарды орташа жөндеуге арналған 10 жаңа жобаға қайта бағытталды (Жаңақорған кенті, Жақсықылыш, Бекарыстан би, Ақсуат).

Мемлекет басшысының Жолдауында әлеуметтік мәселелерді шешу, сондай-ақ ауылдағы халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту жөнінде нақты тапсырмалар бергені белгілі. Бұл бағытта «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы шеңберінде атқарылып жатқан шаралар ауылдық аумақтардың дамуына жаңа серпін берумен қатар, ауыл тұрғындарының өмірін барынша қолайлы және жайлы етіп, жалпы өңір экономикасына оң әсерін тигізетін болады.

Сонымен аталған жобаны іске асырудың басым міндеттерінің бірі перспективалы ауылдық елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының жай-күйін жақсарту және 2026 жылға дейін облыста 53 тірек және 50 спутниктік елді мекендерді қамту жоспарланған.

ЖЕДЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАР

Демеушілер көмегі

Әйтеке би кенті Т.Айбергенов көшесі №10 көпқабатты үйдің тұрғындары көптен бері үйдің шатырын ауыстыру мәселесін көтеріп келді. Алайда бұл үйлерді жөндеуге бюджеттен қаржы қарастырылмайды. Себебі, бұл баспаналар жеке тұрғындарға тиесілі.

Осыған байланысты аудан басшылығы мәселені демеушілік арқылы шешуді тапсырған болатын. Бүгінде көпқабатты тұрғын үйдің шатырын «Орион LTD» ЖШС демеушілік арқылы ауыстырып берді.

Аяқ киімге жасырып...

Тергеу изоляторында аяқ киімге жасырып, телефон өткізбек болған азаматша ұсталды.

Қызылорда қаласындағы ЗК-169/1 мекемесінің режим және күзет бөлімінің қызметкерлері сотталғандарға тыйым салынған заттарды мекеме аумағына өткізбек болған адамның қылығын әшкереледі.

Құқық бұзушыға қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 481-бабы бойынша хаттама толтырылып, іс-құжаттар қалалық мамандандырылған әкімшілік сотқа жолданды.

Газға қосылар күн жақын

Шиелі ауданына қарасты Жаңатұрмыс ауылдық округіне газ тарту жұмыстары 20 мамырда басталды, жоспарға сәйкес ол қазан айының соңына дейін пайдалануға берілмек.

Мердігер мекеме – «Сапақ» өндірістік кооперативі. Кооператив «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 25 адамды еңбекке тартқан.

Жоба бойынша газ құбырының ұзындығы 17 км құрайды. Қазіргі таңда барлығы 14,7 км газ құбыры жүргізілген.

САПАР

ЕГІНДІКТЕ ЕҢБЕК ҚЫЗУ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жұмыс сапарымен Сырдария ауданында болды.

Sb Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы»

Аймақ басшысы алдымен «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 699 млн теңгенің жұмысы қолға алынған. Әсіресе, жол салу қызу жүргізілуде.

– Бағдарлама бойынша ауылда 4 көше жарықтандырылып, 9 көше орташа жөнделу үстінде. Тағы үш көшеге темір-бетонды лоток орнатылуда. Қараша айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұл ауылда 2800 халық тұрады. Әлеуметтік нысандар ел игілігіне жұмыс істеп тұр. Ауылда 19,2 шақырым жол болса, соның 13,6 шақырымына «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының себі тиюде, – дейді аудан әкімінің орынбасары Талғат Нұртазаев.

Елді мекенде «Ақжарма 2» фермерлік қожалығының жұмысы жақсы жолға қойылған. Жақында іске қосылған күріш тазалау құрылғысы да серіктестікке жаңа серпін беріп отыр. Қожалық 2020-2023 жылдарға құны 370 млн теңгені құрайтын «Күріш тазалайтын зауыт құрылысы», «Пастерленген сүт өнімдерін шығаратын зауыт құрылысы», «Жылыжай мен бау-бақша сақтайтын қойма құрылысы» жобаларын іске қосуды жоспарға енгізген. Биыл «Қарапайым заттар экономикасы» бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 56 млн теңге несие алып, Чехия мемлекетінен аппарат алдырып, күріш тазалайтын зауытты іске қосты. Аталған нысанға қосымша 10 адам жұмысқа алынған.



– Фермерлік қожалық тек күріш егумен айналыспайды. 10 гектар алма бағымыз бар. 3500 түп алма жайқалып тұр. Жоба құны 7 млн теңгені құрады. Қазір онда 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Алма, алмұрт жемістерімен қатар көкөністерді де өзіміз егеміз. Алма мен алмұрттан шығатын өнімдерді де жасауға кірістік. Болашақта да ойлаған мақсаттарымыз бен қолға алар жобаларымыз жетерлік, – дейді «Ақжарма 2» фермерлік қожалығының төрағасы Марат Бисенов.

«Шаған-Жер» серіктестігі де осалдық танытып тұрған жоқ. Облыс әкімі биыл 3 мың гектарға жуық күріш еккен шаруашылықтың егін алқабына барды. Ауылдың 350 адамы шаруашылықтан несібесін айырып отыр. Жаңа төраға Жеңісбек Сыздықовтың жаңалығы жоқ емес. Биыл 7,9 млн теңгеге 2 дана ауыл шаруашылығы техникасын сатып алды. Бұйыртса, қысқа дейін жылыжай жұмысын іске қоспақшы.

– Биыл еккен 200 гектар бидайдан тәуір өнім алдық. Оған қоса, 200 гектар жаңа жоңышқадан 100 тонна, 1000 гектар ескі жоңышқадан 2664 тонна малазықтық шөп жиналды. Негізгі дақыл – күрішті 2878 гектарға ектік. Бүгінде 505 гектар күріш орылып, оның 250 гектары бастырылды. Орташа өнім 52 центнерден келуде, – дейді серіктестік директоры.

Облыс басшысы Нағи Ілиясов ауылында да болды. Мұндағы «Мағжан и К» ЖШС астық тазалау қырманы назарға ұсынылды. Сағатына 5 мың тонна күріш тазалайды. Екі ауысыммен 40 адам жұмыс істейді.

– Биыл 5100 гектар жерге күріш ектік. «Лидер», «Янтарь» сорттарымен бірге өзіміздің «Сыр сұлуын» да септік. Қазірге дейін күріштің 64 проценті орылып, 52 проценті бастырылды. Былтыр осы уақытта гектарына 62 центнерден өнім айналса, қазір 66 центнерден келуде. Шаруашылық жұмысшыларының да көңілі көтеріңкі. Өйткені, меже артығымен орындалған сайын оларға сыйақы тағайындайтынымыз бар, – дейді серіктестік директоры Дархан Ерәлиев.

Арысбек Байназаров шаруашылықта сушы болып жұмыс істейді. Көпбалалы отбасының иесі. Мемлекеттің қолдауымен мал шаруашылығы бағытында несие алған. Серіктестік те көпбалалы отбасыға қамқорлығын көресетіп тұрады.

– Көктемнен бастап шаруашылықтамын. Қыста мал бағамын. Қазір мал-жанға бала-шағам қарап отыр. Жағдайымыз жақсы, – дейді ол.

Облыс әкімі диқандармен дидарласып, шаруашылық жайына қанықты.

– Басты мәселе – жауын-шашынға қалдырмай егінді жинап алу. Қысқа дайындық қамы да қабат жүреді. Қазір аудан халқы егіннің 30 процентін жинап үлгеріпті. Бұл – жақсы, жоспар бойынша келеді. Қазан айының ортасына дейін толық бітіреміз деп отыр. Бұдан бөлек, «Әйтек» су торабының мәселесі бар. Оған бөлінген 700 млн теңгені тиімді пайдаланып, сапалы етіп қалпына келтіру керек. Тағы бір айта кетерлігі, аудандық аурухана жөнделуде. Осы нысанның ең алдымен жылу қазандығын реттеу керек. Пандемияның кезінде бұл – маңызды, – деді облыс басшысы.

Сырдария ауданы

COVID-19

КАРАНТИН ШАРАЛАРЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ

Әлемде коронавирус індеті қайта өршуде. Қазір облыста тіркелген науқастар саны 3236-ға жетті. Әлі де барлық мүмкіндік жұмылдырылып, шектеу шаралары жалғасуда. Аймақтағы коронавирус инфекциясы бойынша эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, шектеу шараларын, оның ішінде карантинді кезең кезеңімен жеңілдету туралы №24 қаулы қабылданды.

Sb Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов пандемия кезіндегі жағдай мен алдағы жоспарларды атап өтті.

– Эпидмаусым басталғанда облыста барлығы 976 төсек-орын ұйымдастырылған болатын. Шілде айының басында стационарлар жүктемесінің артуына байланысты төсек-орын саны 2405-ке көбейді. Бүгінде барлығы 210 инфекциялық төсек-орын бар, жүктеме 9,5 процентті құрауда. Жансақтау бөлімінде ем алып жатқан науқастар жоқ. Алдағы күзгі науқанға қала, аудандардың барлығын қосқанда 3000 төсек-орын ұйымдастыруға мүмкіндігіміз бар. Дайындық жұмыстары шеңберінде модульдік аурухана салуды жоспарлап отырмыз, – деді Наурызбай Сейітқалиұлы.

Ал, қаулыдағы өзгерістерді облыстық бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Динара Жаңабергенова атап өтті.

Аталған қаулы бойынша көпшілік іс-шараларын, отбасылық, салтанатты, мерекелік және басқа да адам көп жиналатын шараларды өткізуге тыйым әлі де сақталады. Оқушылар, мектеп жасына дейінгі балалардың экскурсиясына тыйым салу да жалғасады. Сондай-ақ, сұлулық салондары, шаштараз, СПА және косметологиялық қызмет көрсететін орталықтар, фитнес, тренажер, спорттық-сауықтыру орталықтары, облыс, аудан орталықтарындағы қоғамдық көліктің жұмысына белгіленген уақыт шектеулері алынып тасталды. Мұнан бөлек, жаңа қаулыда бірқатар өзгерістер бар.

Облыс әкімінің орынбасары сақтық шаралары сәл жеңілдегенге індет ошағы жойылғандай қарамау керегін баса айтты.

– Соңғы кезде карантинді жеңілдетуден кейін кей адамдар маска кимей, шектеу талаптарын сақтамауға көшті. Өткеннен сабақ алмай тұрмыз, кешегі қиындықты тез ұмыта бастадық. Бұл – өте қауіпті. Бір адамнан бір ауыл түгелге жуық індет жұқтырғанын үнемі назарда ұстауымыз қажет. Саулық – сақтықта, – деді Наурызбай Байқадамов.

№24 қаулының толық мәтіні 6-бетте жарияланып отыр.

ТИІМДІ МҮМКІНДІК АЛАҢЫ

«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасымен бірлесе «Kyzylorda Business Hub» облыстық стартап жобаларымен танысу өткізді.

Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» өткен басқосуда облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілешев пен сала басшылары жастардың жаңа жобаларымен танысып, ұсыныс-тілегін тыңдады. 10-ға жуық инноватор түрлі бағыттағы жобаларын ортаға салды. Бұл басқосу оларға тиімді мүмкіндік алаңы болды. Жиында қаржыландыру тетігін қарастыру мәселесі, көрсетілетін мемлекеттік қолдаулар сөз болды. Кәсіпкерлер қажетті бағыт-бағдар мен маңызды кеңестерге қол жеткізгені анық.

Айта кету керек, мемлекет тарапынан жас кәсіпкерлерді қолдау, оларға бағыт-бағдар беру, грант санын арттыру мәселесі күн тәртібіне қойылған. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның алаңында мұндай шара екінші мәрте өтуде және ол жүйелі түрде ұйымдастырылатын болады.

«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ баспасөз қызметі

ШИЕЛІ, ШЫРАЙ КӨРДІМ КЕЛБЕТІҢНЕН...

Өткел Шиелі тұрғындарын талай жылдан толғандырған мәселе еді. Енді құрылысы басталып, жұмыс қарқыны едәуір күш алды. Жобаға 674 млн теңге қаржы бөлінген. Көпірдің ұзындығы 150 метр болса, ені 22 метр болады. Екі жағынан тұрғындар өтетін жол да салынады. Екі жақтан да келетін көліктердің қозғалысына ыңғайлы жол қарастырылған. Көпір бітсе, 80 мың тұрғыны бар ауданның көлік қатынасында ең маңызды нысан болмақ, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналды шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дана Аман.

Бөлім басшысының айтуынша, аспалы көпір желтоқсанға дейін пайдалануға беріледі. Бүгінде құрылыс басында негізгі мамандардан бөлек, жергілікті тұрғындардан 40-тан астам адам жұмысқа тартылған.

Цемент өзімізден болған соң...

Ауылшаруашылық саласында еңсесі биік Шиелінің өндірістік аймақ екені тағы белгілі. Осындай нысандар қатарына осыдан екі жыл бұрын іске қосылған «Гежуба Шиелі Цемент компаниясы» ЖШС кіреді. Жалпы құны 64 млрд теңгені құраған, жылына 1 млн тонна тампонажды цемент шығаратын зауыт – аудандағы Қытай халық республикасымен бірлескен және Индустрияландыру картасына енгізілген ірі жобалардың бірі.

Біздің қолдағы мәлімет бойынша осы зауытта 247 адам тұрақты жұмыс істейді. Оның 80 проценті – Қазақстан азаматы. Ал, кешегі тамыз айында зауыт 51 мың тонна цемент өндіріпті.

Цемент зауыты өзінде болған соң, Шиелі ауданы темір-бетон және асфальт-бетон өнімдерін өндіруді қолға алған. «Шиелі Жолшы» ЖШС бастаған, барлық жобалық құны 180 млн теңгеге жуық қаржыны құрайтын темір-бетон өнімдерін өндіру және асфальт-бетон зауыты үшін индустриалды аймақтан 5 гектар жер телімі табысталыпты. Екі жыл бұрын аталған серіктестік асфальт-бетон зауытына көршілес Қытай елінен 45 млн теңгеге құрал - жабдықтар әкелініп орнатқан. Зауыт тәулігіне 400 тонна асфальт өнімдерін шығарады. Сондай-ақ, 19 адам жұмыспен қамтылыпты.

Былтыр «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы арқылы екінші деңгейлі банктен 80 млн теңге несие алған «Шиелі Жолшы» ЖШС темір-бетон өнімдерін өндіру зауытын іске қосып, қосымша 15 адамды тұрақты жұмысқа алыпты. Бұл зауыттың қуаттылығы жылына 2500 дана темір-бетон бұйымдарын шығаруға қауқарлы.

«Мұнда әр түрлі плита, блоктар шығарылады. Зауыт – Түркістан облысы мен Қызылорда арасындағы жалғыз өндірістік орын. Сұраныс жеткілікті. Асфальттан бөлек, құрылысқа қажетті бұйымдарды «Қазатомпромның» кен орындарының тапсырысы арқылы жөнелтеміз. Ауданға қажетті барлық керектілер біздің зауыттан өндіріледі», – дейді зауыттың басқарушысы Иманқұл Кенжеалиев.

Ақ күріштен азығым...

Аудан жылына 30 мың гектарға жуық ауылшаруашылық дақылдарын ексе, соның 14353 гектары күріш, қалғаны – бидай, жүгері, тары, мақсары мен мал азығына қажетті жоңышқа және бақша өнімдері. «Ақ күрішті азығым» дейтін Сыр бойы халқының жыл сайын қырман басында дәннен тау тұрғызатынын өзге аймақ әлдеқашан мойындаған. Комбайн өңешінен өткен өнімнің қырман мен диірмен басына келетіні анық. Шиеліде жеке кәсіпкер Бағлан Әшірбеков осы мақсатта күріш ақтау зауытын ашып, қалдықтарынан мал азығы – құрама жем өндеуді қолға алған.

110 млн теңгеге жуық қаржы құйып, екі жыл бұрын зауыт ашқан кәсіпкер қосымша күріш шаруашылығымен айналысады. Ол тұрғызған зауыт тәулігіне 80 тоннадан астам күрішті ақтап беруге қауқарлы. Сондай-ақ, 30 тоннаға жуық күріш жармасынан мал азығын дайындап жүр. 12 адам жұмыс істейді.

Ал, біз көрген екінші нысан да жеке кәсіпкердің еншісіндегі зауыт. Бұл да күрішті қауызынан ажыратып, ақтайды, екі түрлі мал азығы – жарма мен кебекті қосымша дайындайды.

Баста шағын диірмен ретінде 7 жыл жұмыс істедік. Қазір зауытты үлкейттік. Жаңа заманауи құрылғыларды Қытайдан алдырдық. Жалпы, зауытты үлкейтуге 50 млн теңгедей қаржы кетті. Тәулігіне 30 тонна ақ күріш шығарамыз. Оның негізгі тұтынушылары аудан тұрғындарынан бөлек, облыстан тасымалдайтындар да бар. 8 адам тұрақты жұмыс істейді, – дейді зауыт басқарушысы Қанжар Әзімбек.

Кент келбеті қандай?

Аудан орталығының ажары қандай?! Шыны керек, мәселе жоқ емес. Бірақ, бұл бірден оңынан шешіле қоймайтыны анық. Айналып келгенде, бюджеттің бүйірін тесуге тура келеді. Әсіресе, көше жолдарын жөндеу – қаржының қыруар болуын талап етіп тұр.

Шиелі бұл жағынан ұятты емес екен. Атқарылған, атқарылуы тиіс жұмыстар жетерлік. Бастысы сапа ғой. Кент әкімінің орынбасары Болат Баймағанбетов көшелерді жөндеу қарқыны биыл ерекше екендігін айтады.

«Жыл басынан бері аудандық бюджеттен 62 млн теңгеден астам ақша бөлініп, ұзындығы 1980 метр 5 көшеге орташа жөндеу, 27 көшеге жай жөндеу, яғни, тас төсеу жұмыстары жүргізілді. Ал, «Жұмыспен қамту 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасымен Шиелі кенті бойынша республикалық бюджеттен 75 млн теңгеге жуық қаржы бөлініп, 7 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Енді қазір қосымша аудандық бюджеттен бөлінген 115 млн теңгеге 14 көше жөнделетін болады», – дейді кент әкімінің орынбасары Болат Баймағанбетов.

Ауданды абаттандыруға да ерекше көңіл бөлінген. Жоғарыда аталған «Жұмыспен қамту 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасымен кенттегі «Көкшоқы» шағын ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлердің ауласы мен Яссауи көшесі бойындағы аллея абаттандырылып жатыр. Тоқтаров, Бекежанов, Қоңыратбаев, Аймауытов, Әл-Фараби көшелеріндегі жаяу жүргінші жолын салу жұмыстары жақын күндері бітеді. Бұған бөлінген қаржы 200 млн теңгеден астам көрінеді. Ал, «Көкшоқы» шағын ауданы мен кент көшелерінің түнгі жарық бағаналарын ауыстыруға 148 млн теңге қаржы республикалық бюджеттен бөлініпті.

Шиелі ауданы

1-бет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ: салымшылар үлесі тұрмысымызға өлшем бола ала ма?

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында Бірыңғай жинақтау мен зейнетақы қорындағы салымшылардың ақша алу мүмкіндігін сараптан өткізу үшін редакция республикалық қордың облыстық филиал директорына төмендегі сауалдарға жауап беруін өтініп, хат жолдаған болатын.

Sb Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Онда Қызылорда облысындағы салымшылардың барлық түрі бойынша салым мөлшері, салымшылардың саны, олардың 500 мың теңгеге дейінгі, 1 млн теңгеге дейінгі, 1 млн теңгеден асатын салым мөлшері, Қызылорда қаласы мен барлық аудандардағы салымшылар саны және олардың жинаған зейнетақы жарнасы, сондай-ақ салыстыру үшін Қазақстандағы барлық аймақтар бойынша салымшылар саны және зейнетақы жарналарының мөлшері туралы деректер сұралған еді. Алдымен филиал директорының міндетін атқарушы А.Сарсембаев жауабын оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.

Онда көрсетілгендей, Қызылорда облысы бойынша 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 412 181 адамның БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоты бар. Осы шоттарда жиналған салым мөлшері – 364 101 261 мың теңгеге тең. Салымшылардың ішінде 500 мың теңгеге дейінгі көлемде зейнетақы жинағы бар адам саны – 236 640 болса, 500 мың теңгеден 1 млн теңгеге дейінгі мөлшерде зейнетақы жинағына 60 434 адам ие. Салымшылар санының қалған бөлігін зейнетақы жинағының мөлшері 1 млн теңгеден асатын адамдар құрайды.

Қызылорда облысы бойынша үлкен қалалар мен халық мол шоғырланған аудандарға, тиісінше, жоғарыда аталған көрсеткіштердің көп үлесі тисе керек. Олай дейтініміз, халық саны көп болған сайын оның түрлі көрсеткіш деңгейі де арта беретіні бәрімізге де белгілі.

Еліміздегі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бойынша жеке зейнетақы шоты мен ондағы салым мөлшері тұрғысынан Алматы қаласы көш бастап тұр. Ондағы жеке зейнетақы шотын ашқан адам саны 1 725 256 болса, ондағы зейнетақы жинағының мөлшері – 2 390 518 949 теңгеге тең. Басқа облыстардағы көрсеткіштер сипаты төмендегі кестеде көрсетілген.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының салымшылары өз зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратқа кез келген уақытта, түрлі тәсілдер арқылы ие бола алады.

2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының/алушының тұрғылықты жеріне қарай) зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) міндетті зейнетақы жинақтарының көлемі мен жеке зейнетақы шоттарының саны

Облыс/қала атауы	Зейнетақы жинақтары бар жеке зейнетақы шотына ие салымшылар/ алушылар саны	Зейнетақы жинақтарының сомасы (мың теңге)	Салымшылардың жалпы санында алатын үлесі	Зейнетақы жинақтарының жалпы сомасында алатын үлесі
1	2	3	4	5
Ақмола	395 236	370 165 287	4%	3%
Ақтөбе	526 793	621 190 075	5%	5%
Алматы	719 939	464 513 086	7%	4%
Атырау	379 285	733 164 029	3%	6%
Шығыс Қазақстан	846 517	851 140 917	8%	7%
Жамбыл	611 479	418 280 215	6%	4%
Батыс Қазақстан	401 412	470 592 844	4%	4%
Қарағанды	861 431	1 041 080 978	8%	9%
Қызылорда	412 181	364 101 261	4%	3%
Қостанай	529 572	517 870 360	5%	4%
Маңғыстау	380 935	795 786 669	4%	7%
Павлодар	492 790	569 895 203	5%	5%
Солтүстік Қазақстан	351 764	306 613 232	3%	3%
Түркістан	122 071	20 217 155	1%	0%
Нұр-Сұлтан қаласы	769 819	1 180 754 248	7%	10%
Алматы қаласы	1 725 256	2 390 518 949	16%	20%
Шымкент қаласы	1 344 130	826 928 791	12%	7%
Барлығы:	10 870 610	11 942 813 299	100%	100%

P.S. Біршама кемшіліктеріне қарамастан, редакция сұраған сауалдарға БЖЗҚ басшылығынан орынды жауап алғанымызды атап өткім келеді. Сонымен облыстағы 412 мыңнан астам салымшының 364 млрд теңгеден астам салым мөлшері бар. Енді қызықты қараңыз. 500 мың теңгеге дейінгі салым мөлшері бар адамдар саны – 236640. Яғни, қызылордалық салымшылардың 57 процентінен астамының бүгінгі жинаған сомасы 500 мың теңгеге жетпейді. Ал біз сұраған дерек бойынша 500 мың теңгеден 1 млн теңгеге дейінгілер саны – 60434 адам. Бұл жалпы салымшылардың 17 процентінде ғана осыншама салым бар деген ұғымды білдіреді. Қалған салымшылардың жарнасы 1 млн теңгеден астам соманы құрайды. Дегенмен, осы қалған адамдардың жинағанын жіліктейтін болсақ, көңіл көншітетіндей деректің шығуы екіталай. Себебі, жалпы қызылордалықтардың Қазақстанның басқа өңірлермен салыстырғанда жинаған қоры мардымсыз.

Неліктен? Облыс ұзақ жыл аграрлық сипатта дамыды. Өндіріс негізінен мұнай-газ саласында шоғырланғандықтан, онда еңбек ететіндердің саны басқа салалардан біршама төмен болды. Өйткені, саланың даму сипаты осындай еді. Өнеркәсіп саласы соңғы жылдары мұнай өндірудің есебінен едәуір төмендеді. Жұмысшы қызметкерлер біршама қысқарды. Негізінен зейнетақы қорында жиналған қаржы бюджет қызметкерлерінің есебінен толықтырылуда.

Енді маңызды бір мәселеге тоқталайық. Зейнетақы қорындағы қаржы біздің тұрмыс деңгейіміздің шынайы болмысын білдіре ме? Біздіңше, мүлдем олай емес. Қазір нарық заманы. Кез келген тіршілік иесі заңды тіркеліп, салығын төлесе, Президенттің атап көрсеткеніндей, ақшаның «көлеңкелі» айналымына тосқауыл қойылар еді. Қоғамдық пікір көрсетіп отырғандай, Сыр өңірінің шаруалары соңғы жылдары табысын молайтуда. Кейбір есептер бойынша өңірдегі мал саны статистикалық есептен екі есе жоғары деген пікірлер айтылуда. Демек, біздің тұрмысымыз бөтен емес. Тек мәселе тіркеліп, табысты заңдастыру мәселесіне тіреліп тұрған сыңайлы. Басқа салалардағы жағдай да осыны көрсетіп отыр.

Аталған тақырыпта көп әңгіме айтуға болады. Ол тиісті орындардың сан салалы талдау жұмыстарын жүргізуді және талап етуде. Бүгінгі уақыт осыны көздейді және Қазақстанның алға жылжуының кепілі де осы болып табылады.

ІЛГЕРІЛЕУДІҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ

Тура бір жылдан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жасағаны белгілі. Еліміздің барлық салаларының дамуы үшін жасалған жоспарлар іргелі 11 бағытта құралған.

Мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін ұсынған Жолдауда реформаларды жүйелі түрде жүргізу қажеттілігі баяндалды. Мемлекеттік басқару теориясында құқықтық, саяси және басқарушылық тәсілдер мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаларын қалыптастыратындығы айтылды. Құқықтық тәсіл бойынша мемлекеттік басқарудың басты құндылықтарына заң үстемдігі мен азаматтардың құқықтарын сақтау жатады. Саяси тәсілге сәйкес мемлекеттік басқарудың негізгі міндетіне халық қалауын барынша іске асыру маңызды. Ал, басқарушылық тәсілде айтылғандай, мемлекеттік басқарудің тиімділігі, үнемділігі, нәтижелілігі мен әлеуметтік жауапкершілігі негізгі құндылық саналады. Міне, осы тәсілдерде айтылған ұстанымдар жаңа реформаларға серпін береді деп ойлаймыз.

Жаңа жағдайдағы экономикалық даму еліміздің жаңа экономикалық бағдарының жеті қағидатына негізделді. Игіліктер мен міндеттердің әділ бөлінісі әлеуметтік әділеттікке сүйенетіндіктен, жеке адам мен қоғам арасындағы әділ қатынастар тұжырымдамасына мән берген дұрыс. Бұл тұста халықтың дәулеттілігі, тең мүмкіндіктер мен әлеуметтік артықшылықтар ерекше назарда болған жөн. Жеке кәсіпкерлік қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуының қуатты қозғаушы күші екені белгілі. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, нарықтық экономиканың еркіндігі мен кәсіпкерлік белсенділік экономикалық әл-ауқатқа ықпал жасайды. Кәсіпкерлердің әділ бәсекелестігі ең алдымен қоғам үшін маңызды болуы мүмкін. Өйткені, бәсекелестік барысында кәсіпкерлер нарық бағасын өзгертуі ықтимал екенін ұмытпауымыз қажет. Өнімділікті көбейту даму теориясының маңызды тұжырымдамасы болғандықтан, еңбек, капитал және қоршаған орта сияқты түсініктермен сипаттауға болады. Ал, экономиканың технологиялық сипатын арттыру үшін мемлекеттің ғылыми-техникалық саясатына мән берілгенін дұрыс көреміз. Адами капиталды дамыту, жаңа үлгідегі білім саласына инвестиция тарту адами капиталдың негізгі құрамдастарына мән беру арқылы шешіледі. Тек білім алып қана қоймай, жоғары технологиялардың тәжірибелік дағдыларын иеленген мамандар ғана қоғамның инновациялық элитасын танытады.

«Жасыл экономиканы» дамыту барысында аталған ұғым теориясының үш аксиомасын естен шығармау қажет: шектеулі кеңістікте ықпал жасау аясын шексіз кеңейту мүмкін емес, шектеулі ресурстар шарттарында шексіз өсіп келе жатқан қажеттіліктерді қанағаттандыруды талап ету мүмкін емес, Жер бетіндегінің барлығы өзара байланысты. Мемлекет тарапынан дәйекті шешімдер қабылдау және сол үшін қоғам алдында жауапты болу қағидаты мына мәселелерге сүйенуі керек. Шешімдер қабылдау мен жауапкершіліктің мәнін айқындай отырып, оның басқару жүйесіндегі рөлін түсіну, шешімдер қабылдау мен жауапкершіліктің құрылымы мен технологияларын жасау, шешімдер қабылдау мен жауапкершіліктің түрлі әдістері мен модельдерін жүйелендіру, екіұштылық пен тәуекелділік шарттарында шешімдер қабылдау мен жауапкершіліктің ерекшеліктерін айқындау.

Бүгінде кез келген елдің болашағы өңірлер деңгейіндегі өзгерістерге байланысты. Бұл тұста өңірлердің теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық ахуал мен өмір сапасының айырмашылық деңгейін қысқарту маңызды. Сондықтан өңірлерді дамыту ісіне қатысты тың идеялар тиімді жүзеге асатындығына толықтай сенімдіміз.

Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты мәселесі еліміздің басты бағыттарының бірі екені баршамызға мәлім. Әл-ауқат түсінігі әрдайым қоғамдағы жеке адамның жайлы өмір сүруі мен сәтті қызмет атқаруымен сипатталады. Демек, «өмір сапасы» мен «өмір деңгейі» түсініктері әл-ауқат деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, әлеуметтік саясаттың жаңа парадигмасы әл-ауқат құрылымындағы мына құрамдастарға – Халықтың табыс деңгейі мен тұрғын үй жағдайын көрсететін материалдық әл-ауқат, халық денсаулығының жайы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін табиғи әл-ауқат, тұлғааралық қатынастар, қоғам өміріне араласуды айқындайтын әлеуметтік әл-ауқат, тұлғалық өсу, психикалық және рухани денсаулық, сенімді көрсететін эмоциялық әл-ауқат, жұмыстағы құзыреттілік пен еңбек өнімділігіне ықпал жасайтын кәсіби әл-ауқатқа ерекше мән береді.

Жолдауда қолжетімді әрі сапалы білімге де ерекше мән беріледі. Инновациялық экономиканы қалыптастыру үшін қоғамның серпінді экономикалық өсімі мен әлеуметтік дамуының негізі, азаматтардың әл-ауқаты мен ел қауіпсіздігінің факторы – білім беру жүйесін жаңғырту негізгі шарт. Білім саласындағы бәсекелестік тек инновацияларды игеріп қана қоймай, жаһандық талаптарға бейімделуді және технологияларды үнемі жаңартып отыруды қажет етеді. Сондықтан сапалы білімге қол жеткізу әлеуметтік әділдік пен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін азаматтардың маңызды өмірлік құндылықтарының бірі болып қала береді. Бұл тек мемлекеттің ғана емес, ұстаздар қауымы, ата-аналар мен оқушылардың ерекше жауапкершілігін талап етеді. Жолдауда ғылым саласын дамыту туралы да айтылды. Ғылымда халықаралық тәжірибеге арқа сүйеу және «Жас ғалым» жобасының жүзеге асуы ғылыми-технологиялық ілгерілеуіміздің іргетасы болмақ.

Жаңа жағдайдағы денсаулық сақтау саласын дамыту қоғам мен мемлекеттің маңызды міндеті. Әр елдегі халық денсаулығын сақтау жүйесін ұйымдастырудың және бұл саладағы экономикалық қатынастар ерекшелігін талдау барысында мынадай негізгі экономикалық сипаттамалық белгілерді байқауымызға болады: меншік қатынастары, қаржыландыру тәсілдері, өндірушілер болып табылатын медицина қызметкерлері мен тұтынушы халықты ынталандыру тетіктері, медициналық көмектің көлемі мен сапасын бақылаудың түрлері мен әдістері. Біздің ойымызша, бұл белгілер алдағы уақытта да өзектілігін жоғалтпайды. Ал, медициналық инфрақұрылымды дамыту үшін білім, ғылым және мәдени құндылықтар ықпал жасайды. Білім мен ғылымның денсаулық саласына ықпалы бар екендігі түсінікті. Бүгінгі таңда әр адам өзінің денсаулығын қалыпты деңгейде сақтау өте маңызды екенін біледі. Бірақ, денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Биологиялық әркелкілік өмірдің барлық көріністеріндегі алуандық пен биологиялық жүйе күрделілігінің көрсеткіштері мен құрамдастарының сапалылығын білдіреді. Генетикалық, экожүйелердегі түрлер мен осы экожүйедегі әркелкілік маңызды болып табылады деп түсінеміз. Американдық эколог Роберт Уиттекер зерттеуінде биологиялық әркелкіліктің қоршаған орта факторларына тәуелділігі дәйектеліп, қауымдастық ішіндегі, қауымдастықтар арасындағы және орта градиенттері бойынша жүйенің әркелкілігі туралы баяндалған екен. Бұл да алдағы уақытта назарға алынатын идея деп түсінеміз. Сонымен қатар, экологиялық туризмнің дамуы экологиялық білім беру және насихатпен тікелей байланысты. Табиғатты тану арқылы біз қоршаған ортаға мұқият қарау қажеттілігін сезінеміз, халық арасында экологиялық мәдениет пен ойлар қалыптасады.

Әділетті мемлекет түсінігін ежелгі грек философы Платон еңбектерінен кездестіруге болады. Ұғымды зерттеу бойынша ғылымда бірнеше тұжырымдар да бар. Ғылыми сараптаулар негізінде әділетті мемлекет деп халықтың билікке сенімі, атқарылып жатқан бастамаларды қолдауы және ортақ игілік мүдделері үшін мемлекеттік билік қызметін оң бағалауы деуімізге болады. Сондықтан «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы халық пен биліктің бірлесе атқарған жұмысының нәтижесі деп түсінеміз.

Цифрландыру ең алдымен экономиканың жаңа процестерге бейімделуін, ақпараттық технологияларға негізделген тәсілдер және оны басқаруды көздейді. Жалпы көптеген ғалымдар цифрландыру технология немесе белгілі бір өнім еместігі туралы айтады. Демек, ол әр жұмысты өзгертуге бағытталған цифрлық ресурстарды пайдаланудың тәсілі дегеніміз дұрыс болар. Сондықтан бұл игіліктің кең мүмкіндіктерін қоғамның барлық салаларында оңтайлы пайдалану маңызды.

Азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысуы халықтың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал жасайды деген ойымыз бар. Мемлекеттік басқаруға азаматтар қатысуының барлық түрлері қоғам үшін маңызды өзгерістерді қамтып, тиімді қолданылған жағдайда әлеуметтік әсер қалдырады. Сондықтан саяси тәжірибе барысында саяси процестерде орын алып отырған саяси қатысудың негізгі түрлерін қолдану тиімділігін көрсетеді деп тұжырымдаймыз. Ең бастысы, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын биліктің барлық өкілдері терең түсінуі қажет.

Ұлттың жаңа болмысы білімді болуды, еңбек етуді, кәсіби дағдыны қалыптастыруды, темірдей тәртіп және жоғары жауапкершіліктің қажеттілігін, әділетті болуды және адалдық, ұқыптылық, тиянақтылықты қажет етеді. Бұл үшін «Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты адам» жүйесіндегі негізгі триадаларға аса жоғары дәрежеде мән бергеніміз жөн.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысының жаңа Жолдауын халық жоғары бағалады деп ойлаймыз. Жолдаудағы тың идеялар мен бастамалар індетпен күрес жағдайындағы еліміздің алдағы уақыттағы жоспарларды жүзеге асыруға кедергі келтірмейтіндігіне сеніміміз мол.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
«Болашақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры

БРИФИНГ

ЖАҢА ЖОБАЛАРҒА ЖОЛ АШТЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов саланың жалпы жұмысы және Жолдау жүктеген міндеттер барысында қолға алынған жаңа жобалар жайында баяндады.

– Президент экономиканың зардап шеккен салаларында шағын және орта бизнестің барлық қолданыстағы несиелерінің жылдық пайыздық мөлшерлемелерін 6 процентке дейін субсидиялауды атап көрсетті. Оған қоса, жыл соңына дейін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік секторға тиесілі жылжымайтын мүлік объектілері бойынша шағын және орта бизнес үшін жалдау ақысын есептеуді тоқтата тұру, сонымен қатар, зардап шеккен салалардағы шағын және орта бизнестің жыл соңына дейін бюджеттен тыс қорларға еңбекақы төлеуден аударымдарын алып тастауды тапсырғаны кәсіп иелеріне үлкен қолдау деп ойлаймын.

Жолдауда 2021 жылы шағын және орта бизнес қызметінің жаңа нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу мәселесі де орынды көтерілді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы мемлекеттік құрылымдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуы, кәсіпкерлердің жұмысына кедергі келтіруі бұл мемлекетке қарсы ең ауыр қылмыс ретінде қабылдануы керектігін атап өтті, – дейді Ф.Қожабергенов.

Басқарма басшысының айтуынша, 51 мыңнан аса кәсіпкер салықтық жеңілдіктер алып, 9 мыңға жуық кәсіпкер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдерінен босатылған. Бұдан бөлек, төтенше жағдай кезінде зардап шеккен кәсіпкерлерді қаржылай қолдау мақсатында банктерге Ұлттық банктен 600 млрд теңге қаражат бөлініп, 12 ай мерзімге арналған «Шағын және орта кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасы» қолға алынған. Бұл бағдарлама 2021 жылдың соңына дейін іске асырылады. Оған қосымша Ұлттық қордан 200 млрд теңге қарастырылып, бұл қаражат кәсіпкерлерге 8 процентпен айналым құралдарын толықтыруға беріледі.

Бүгінгі күні «InfoKazakhstan» электронды порталында 10361 субъектісі тіркеліп, карантин режиміне байланысты жұмысын уақытша тоқтатқан кәсіпкерлердің 8200-і іске қосылды. Сондай-ақ, жыл соңына дейін 850 млн теңгені құрайтын 16 жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Облыс бойынша 145 тойхана тіркелген болса, бүгінде 9 тойхана басшысы қызметін қайта бағыттауға жұмыс жасауда.

ТАРИФТЕР ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛДЫ

«Қызылордажылуэлектрорталығы» кәсіпорнын күрделі жөндеуге «Нұрлы жер» және «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламалары аясында 4 млрд теңге бөлінді. Қазір жұмыстың 87 проценті аяқталған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов баяндады.

– Негізгі станциядағы газ-турбиналық қондырғылар, су жылытқыш қазандығы және турбиналық цехтың технологиялық құбырлары, оңтүстік қазандықтары жөндеуден өтуде. Сонымен бірге ұзындығы 15 шақырым болатын магистральді және кварталішілік жылу желілері қайта жаңғыртылып жатыр. Жаңғырту жұмыстары аяқталғанда жалпы жылу желілерінің тозуын 39 процентке дейін төмендетуге мүмкіндік аламыз, – деді Руслан Аймырзаұлы.

Сондай-ақ, спикер ұзындығы 1,8 мың шақырымды құрайтын электр желілері ауыстырылып, 233 қосалқы трансформаторлық станцияға ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізіліп жатқанын айтты. Ал, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның Қызылорда өндірістік филиалы алдағы жылу беру маусымына дайындық жүргізу үшін 56 дана ГРП мен 242 дана ШРП-ға ағымдағы жөндеу жүргізген. Коммуналдық қызметтердің тарифтері басқа аймақтармен салыстырғанда орташа деңгейде. 11 қыркүйектен бастап энергия өндіруші станцияларда тарифтердің өсуіне байланысты электрмен жабдықтау қызметтерінің тарифтері тұрғындар үшін – 4 процент. Жылумен және газбен жабдықтау қызметтерінің тарифтері өзгеріссіз қалдырылған.

МЕРЕЙ

Білім ордасының белесі

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжіне биыл 90 жыл. Мерейлі мереке қарсаңында оқу орны күрделі жөндеуден өтіп, мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, соғыс ардагері И.Әбдікәрімовтің ескерткіш-бюсті ашылды. Игі шараға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қатысты.

Sb Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

– Тарихы терең бұл оқу ордасы кезінде республикаға ғана емес Кеңес Одағына қажетті техникалық мамандарды даярлады. Бүгінде 12 мыңнан аса түлек түлеткен іргелі оқу орнында материалдық-техникалық база жаңарып, білікті педагогтар жүйесі қалыптасқан. Сондай-ақ, инновациялық бағдарламалар енгізіліп, студенттердің кәсіби білім алуына барлық мүмкіндіктер жасалған. Оның айқын дәлелі білім ошағы 2015-2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының сұранысына сай ҚР Білім және ғылым министрлігі мен "Кәсіпқор" холдингі АҚ анықтаған еліміз бойынша білікті маман даярлайтын үздік он колледждің қатарына енді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Жастар жылында қолға алынған "Жас маман" жобасы биылдан бастап жүзеге асуда. Өңірімізде оны жүзеге асыратын 9 колледждің қатарына енгізілген бұл оқу орнының материалдық-техникалық базасын заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен 323 млн теңге қаржы бөлініп, қажетті дүниелер алынды. Аталған шаралардың барлығы – ұжымның сан жылдардағы еңбегінің нәтижесі. Сондықтан білім ошағына бұдан да зор жетістіктер мен табыс тілеймін, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Жиын барысында ғалым, профессор Қазыбай Құдайбергенов И.Әбдікәрімов туралы естелік айтса, қызы Шәмшия Исатайқызы ұжым басшылығына өз алғысын жеткізді. Мұнан кейін жиналған көпшілік "Жас маман" жобасы бойынша жабдықталған зертханалармен танысып, "Шежірелі білім ордасы" атты салтанатты кештің куәсі болды. Шара соңында ардагер ұстаздар, үздік түлектер, колледж демеушілері 90 жылдық арнайы мерекелік медальмен марапатталып, оқу орны тарихындағы оқиғалар тізбегі мен білім саласында есімдері елеулі ұстаздар жайын сөз еткен "Шежірелі білім ордасы" атты естелік кітапты сыйға алды.

Бүгінде мұнда 2000-ға тарта студент 30 мамандық негізінде білім алады. Айта кету керек, бұл жерден мемлекет және қоғам қайраткерлері И.Әбдікәрімов, Ұ.Еспанов, О.Бәйімбетов, А.Бисенов, ғылым докторлары Ғ.Мүсілімов, А.Шәменов, Р.Тайманов, С.Қошқаров, М.Жайымбетов секілді тұлғалар білім алған. Осындай қайраткерлерді өсірген оқу ордасының облыс экономикасының дамуы мен инновациялық жобаларды жүзеге асыруға қажетті кадрларды даярлауда, жастардың кәсіптік білім алып, сұранысқа ие маман болуында алар орны ерекше.

Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

СЫРДЫҢ СЫРБАЗ АЗАМАТЫ

Сыр жұртшылығына белгілі, 1998 жылы наурыз айында өңіріміздің екі іргелі жоғары оқу орны біріктіріліп, оның басшысы болып тағайындалдым. Ол күндердің маған жүктеген жауапкершілік ауқымы, мені күндіз-түні ұйқыдан айырған беймаза кездері ерекше еді. Аз ұйықтап, көп ойланатынмын. Бағыттары әртүрлі екі үлкен ұжымның педагогикалық құрамын бір іске біріктіру, бір мақсатқа жұмылдыру, ортақ мүддеге бағыттау, екі жоғары оқу орнынан бір үлкен көпсалалы университет құру оп-оңай шешіле салатын шаруа емес-ті.

Шаруашылық жұмыстарын және оқу орындары ғимараттарының жай-күйін айтпай-ақ қояйын, оқу процесін сапалы ұйымдастыру, педагогикалық және техникалық мамандықтардың құрылымын сақтап қалып, қайта кеңейте түсу, ұтымды жолдарын тауып, бір арнаға тоғыстыру, ежелгі Сыр бойындағы бірден-бір мемлекеттік жоғары оқу ордасының білім беру ісін еліміздегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен теңестіріп, халықаралық деңгейге дейін жеткізу, тағы басқа қатқабат кезек күттірмейтін жұмыстар жатсам-тұрсам мені толғандырған түйткілдер ретінде санама дамыл бермеді. Осындай сындарлы сәтте маған тәжірибелі маман, сенімді серіктес, ақылман әріптес, қолдаушы қанаттас, жанашыр дос аса қажет еді. Кімді таңдаймын, кімге сенім артам, кімнен қолдау таба алам? Әрине, мұндайда іскерлігіне, жауапкершілігіне өзімнің көзім жеткен, алдымда үлкендігімен де, ғалымдығымен де үлгі бола білген ұлағатты ұстаз Серікбай Иманбайұлына үміт артып, оқу ісі жөніндегі проректор қызметіне тағайындап, университеттің жауапты саласын сеніп тапсырдым. Мұным өте дұрыс, орынды шешім болды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болып құрылған жоғары оқу орнына оқу ғимараты етіп берілген бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің үлкен ғимаратын оқу процесіне бейімдеп қайта жабдықтау, аудиториялар, қажетті кабинеттер ашу, әкімшілік-басқарушы персоналға, құрылымдық бөлімшелерге қажетті кабинеттер жасау жұмыстарымен қатар, оқытушы-профессор құрамын, қызметкерлерді лайықты таңдап, іріктеу, студенттердің білім алуына толық жағдай жасау жұмыстарын жедел әрі ұтымды атқару күн тәртібінде тұрды. Осы істердің бәрінде тәжірибелі әріптес, ғалым ұстаз С.И.Қошқаровтың өмірлік, еңбек тәжірибесіне арқа сүйеп, ақыл-кеңесіне құлақ асып, шешім қабылдадық. Оның үстіне біз «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» дегенді үлгі тұтқан алдымыздағы ұлағатты әке-ағалардың, үлкендердің ұсынысын тыңдап өскен келелі ұрпақтың өкілі екеніміз шындық. Осылайша, қатар жүріп, уақытпен санаспай университетті жаңа белеске көтеруге бірге еңбек еттік. Жоғары білім ордасының халықаралық және ұлттық деңгейлерде жоғары рейтингке қол жеткізуі біздің иық тіресе жүріп атқарған еңбегіміздің нәтижесі. Сол жылдарда жоғары оқу орнының қалыптасып, дамуында, өсіп-өркендеуінде бес жылдан аса бірінші проректор лауазымында қызмет атқарған Серікбай Иманбайұлының қолтаңбасы, үлкен үлесі жатыр. Менің басшылық тұғырдағы бастамаларыма қолдау жасап, қамқорлығын көрсеткен Серікбай ағаға ілтипатым ерекше. Кейін университет жанынан ашылған Экология және су шаруашылығы жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының директоры, су шаруашылығы және жерге орналастыру кафедрасының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды.

...Өткен күндерден белгі көп. Бірге жүрген күндер біліндірмей біраз асулардан өткізіпті. Бұл күнде ғұмырының жетпіс бесінші белесіне жетіп отырған ғалым-ұстазбен танысып, бірге келе жатқанымызға қырық жылдан аса уақыт болды. Алматыдан В.И.Ленин атындағы ҚазПТИ-ді (қазіргі Қ.Сәтпаев атындағы Ұлттық техникалық университет) үздік бітіріп, 1980 жылы атбасын туған жерімдегі Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының Қызылорда филиалына тіреген алғашқы күннен бастап Серікбай Иманбайұлы Қошқаровпен бірге келеміз. Сол кездер әлі есімде. Институтты үздік бітіріп, жоғары білімді маман атанып, елге келген менің алдымда үлкен мақсаттар, ізгі армандар тұр еді. Алға қойған жоспарларымды іске асырсам деген үмітпен елге келгенмін.

Филиал директоры У.Қ.Бишімбаевпен жақынырақ танысып шыққан соң, аспирантураға кеткелі тұрған Н.С.Бажиров (филиал директорының ассистенті) мені ізіне ертіп, жұмыс орнымен таныстырды. Себебі, У.Қ.Бишімбаевтың ендігі ассистенті мен болып тағайындалдым. Филиалды аралатып, бәрін көрсетіп шықты. Нұрлыбек Сайфуддинұлы филиалда ассистент бола жүріп, қабылдау комиссиясының хатшысы қызметін де атқарған, филиал ұжымында нәтижелі жұмысымен өзінің орны бар маман екен. Сол күні филиалда қалыптасқан дәстүрге сәйкес Нұрлыбек Сайфуддинұлын аспирантураға шығарып салуға жиналдық. Осылайша, жұмысқа кіріскен алғашқы күні-ақ өзімнің болашақ бірге жұмыс істейтін оқу орнымның белгілі ұстаздарымен бірінші рет жүздесіп, жақын таныстым.

Арнаулы пәндер кафедрасының меңгерушісі, филиалдың кәсіподақ комитетінің төрағасы Серікбай Иманбайұлы Қошқаров, физика-математика ғылымдарының кандидаты, физика-математика кафедрасының меңгерушісі Бақытбек Сисенов, жалпы инженерлік факультет деканы Тұрлыбек Өтешұлы Ысқақов, теориялық механика кафедрасының меңгерушісі Керімжан Сейтжанұлы және Ысқақ Қаркынбаев ағаларымменен танысып, алғашқы жұмыс күнімнің осындай сәтті басталғанына көңілім толып, толқып та, мерейленіп қалдым. Менің ұстаздық тәжірибем жоқ, институтты кеше ғана бітірген жаспын, дастархан басындағылардың бәрі дерлік жастары менен біраз үлкен, ғылыми дәрежелері бар, оқыған-тоқыған азаматтар. Филиалдың табалдырығын аттағаннан-ақ алдымнан осындай ғылым кандидаттары шығып, солардың ортасына түсіп, келелі әңгімелерін тыңдау маған үлкен әсер етті.Сондықтан болар, өнегелі өріс ашқан жандар мен үшін әрқашан құрметті.

1987 жылы Серікбай Иманбайұлы филиалдағы гидромелиорация факультетінің деканы болды. Механика факультетінің деканы – Серік Тойымұлы Әбдрахманов. Ал құрылыс факультетінің деканы Қазыбай Құдайбергенов, оның орынбасары мен болдым. Осы үш факультет арасында барлық жағынан нағыз қызу бәсекелестік жүріп жататын. Жарыса жүріп жұмыс атқардық. Серікбай аға факультет деканы ретінде спорт дейсің бе, көркемөнерпаздар байқауы дейсің бе – бәрінің жанында өзі жүретін. Міне, сонау шақтардан қойын-қолтық жүріп, қызметтес әрі алдымыздағы ақылшы аға болып келе жатқан Серікбай Иманбайұлының жоғары білім беру ісіндегі барлық жетістіктері, өсу-өрлеу жолы көз алдымызда.

Филиалдың дербес институтқа айналуында қаншама қажырлы еңбек жатыр?! 1990 жылы 15 қарашада Қызылорда агроөнеркәсіп инженерлері институты Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының филиалы негізінде ашылсын деген шешім қабылданды. Ұстазымыз, академик Уәлихан Қозыкеұлы Бишімбаевтың қажырлы, зор еңбегінің нәтижесінде Сыр өңірінде өз алдына дербес аграрлық-техникалық жоғары оқу орны ашылды. Оның игілігін сырбойылық мыңдаған жастар көрді, әлі де көріп келеді. Заманауи үлгіде жаңа оқу-зертханалық ғимараттар кешені салынды, оны қазір №5 оқу ғимараты деп атайды. Осы қызу тірліктің ортасында әрқашан Серікбай аға жүрді. Оның әріптестермен де, шәкірттермен де, үлкенмен де, жаспен де тіл табыса білетін көпшіл қасиеті өзін үлкен құрметке бөледі. Маңайына адамдарды топтастыра білетін, сөзін тыңдата білетін ғалым-ұстаздың абыройлы болуы заңды.

Серікбай Қошқаров – Қазақстанға, облысымызға белгілі су шаруашылығының жоғары білікті маманы. Сыр бойының су мәселесі қашаннан күрмеулі. Жауын-шашыны аз, жазы ыстық әрі құрғақ өлкеміздің іргесінен ағып жатқан бір кездегі асау өзен – Сырдарияның кейінгі тапшы суын егістік шаруашылығына тиімді пайдалану, ұқыппен тұтыну, үнемдей білу, топырақтың құнарлылығын арттыру жергілікті ғалымдарды, су мамандарын толғандырған мәселеге айналды. Сондай ғылыми бағытта ұзақ уақыт ізденіс жүргізіп, зерттеу жұмыстарымен айналысу нәтижесінде Серікбай Иманбайұлы 1997 жылы «Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан суармалы алқаптардың экологиялық-мелиоративтік режимдерін реттеу» тақырыбына Мәскеу мемлекеттік гидромелиорация институтының ректоры, академик Александр Иванович Головановтың кеңесшілігімен докторлық диссертация қорғады.

Серікбай Иманбайұлы туралы бұған дейін де көп жақсы сөздер айтылып, ғылыми-педагогикалық еңбек жолына арналған мақалалар жазылды. 2017 жылы «Фолиант» баспасынан «Ғибратты ғұмыр» сериясымен «Серікбай Иманбайұлы Қошқаров» атты кітап жарыққа шықты, оның редакциялық алқасына өзім төрағалық еттім. «Жақсының жақсылығын айт, мерейі тасысын» дегендей, ғалым-ұстаз туралы әріптестерінің, шәкірттерінің, достарының жүрекжарды жылы лебіздері Серікбай ағаның азамат, ғалым, ұстаз, ардақты аға, сенімді әріптес ретінде бейнесін жарқырата көрсетті.

Қызметтен тыс уақыттағы аға-інілік сыйластығымыздың да орны бөлек. Ұлы Отан соғысының ардагері, Социалистік Еңбек Ері, ауылшаруашылық саласының көрнекті ұйымдастырушысы, ардақты әкеміздің 90 жылдығын атап өту аясында 2016 жылы күзде Сырдария, Жалағаш аудандарында іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Атақоныс Аққұм ауылында әкеміз бен анамыздың рухтарына бағыштап ұрпақтары біршама мерейтойлық шаралар өткіздік. Еңселі тұғырға ардақты әкеміздің мүсіні орнатылды. Өз кәде-жоралғысымен ата-ана рухтарына бағыштап ас бердік. Сонымен қатар ауыл халқы үшін арнайы әлеуметтік нысандар (монша, ипподром, дәріхана, тойхана) құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Мұндай үлкен шараға жан-жақтан шақырылған меймандар саны аз болған жоқ.

Осы шараларды абыроймен аяқтап, дүйсенбі күні жұмыс барысында жоспарланған университет мәжілісінен кейін Серікбай Иманбайұлы жаныма келіп, қолымды қаттырақ қысып тұрып, екінші қолымен арқамнан қайта-қайта қағып: «Ата-анаңа жасаған қызметіңе ризамын!» деді. Ағаның осындай өзіме деген ыстық ықыласынан көңілімде ерекше рухани күш беретін серпіліс пайда болды.

Анда-санда, өте сирек, өзінің ризашылығын білдіргенде әкем марқұм арқамнан осылай алақанымен қағатыны есіме түсті. Толқып та кеттім. Және мұнымды сездірмеуге тырыстым. Өзімнен бір мүшелдей жас үлкен Серікбай ағаның осы іскимылымен көрсеткен ықыласын әкелік ықыластан кем қабылдаған жоқпын. Бұл сәт адам көңілінің кілті аспанда емес екенін тағы бір дәлелдегендей болса керек.

Серікбай Иманбайұлы – бәйтеректей жайқалған шаңырақтың иесі. Қызмет барысында өз орнын тауып, еселі еңбегімен құрметке бөленген ардақты азамат, белгілі ғалым отбасының да шуағына, берекелі бірлігіне кенелген отағасы. Өмірлік серігі Рабиға апай екеуі – білімді, тәрбиелі ұрпақ өсірген аяулы ата-ана. Ел алдында жүрген азаматтың жанында сенімді жансерігі бола білген Рабиға апай – жаны жайсаң, өн бойынан ізгілік, кішіпейілдік нұр шашып тұратын ибалы, сабырлы жан. Ата-аналарының сенімін ақтаған ұл-қыздары өмірден өз орындарын тапқан елге белгілі азаматтар, бір-бір отбасының басшылары. Бұл тұрғыдан алғанда да Сәкең – бағы жанған, жолы болған ардақты азамат.

Оның жоғары білім саласына қосқан үлесі лайықты бағаланып, «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен, Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталып, мерейі үстем болды. Серікбай Иманбайұлының жаңа ғұмыр белесіне жеткен тұсында інілік, әріптестік ізгі лебізімді тағы бір жеткізу маған да үлкен рухани мәртебе, мерейлі парыз.

«Ақыл – ағадан, ілтипат – іниден» деген ұстанымнан арадағы сыйластығымыз әрқашан жарасымды жалғасын тауып, шуақты күндерді бірге қарсы ала берейік.

Мерейлі абыз жасыңыз құтты болсын, ғалым-ұстаз, ардақты аға!

Қылышбай БИСЕНОВ,
техника ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Еңбек сіңірген қайраткері,
ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі

Жаңғырту жұмыстары қарқын алды

Жылу маусымының басталуына бір айдан аз уақыт қалғандықтан, дайындық қарқынды. Өткен маусымда бірнеше мәрте құбыр жарылып, жұртшылық әбігерге түскен.

Sb Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»

Осындай олқылықтың алдын алып, тозығы жеткен құбырларды ауыстыру, жалпы жылу маусымына сақадай сай болуы үшін биыл салаға 1917,4 млн теңге бөлінді. Оның 1190,2 млн теңгесі «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында қаралса, 600 млн теңгесі облыстық бюджеттен бөлінген. Ал қалған 127,2 млн теңге Қызылорда жылу электр орталығының қазынасынан.

– Тоқмағамбетов көшесінің Желтоқсан көшесімен қиылысатын тұсынан бастап, №3 ІТ лицейге дейінгі аралықта «Ерқанат сервис» ЖШС жұмыс істеп жатыр. Бүгінде жұмыстың 75 проценті аяқталған. Ал бөлінген қаржының 55 проценті игерілді. Бұл жерде 1,3 шақырым құбыр жаңартылып жатыр. Құбырдың ауыстырылғанына 25 жылдан астам уақыт өтіпті. Біз қазір герман технологиясымен Қарағандыда шығарылған карозияға төзімді құбырлар салудамыз. Оның үстіне, жеткізгіштігі жоғары, ал жылу шығыны төмен болады. Бұл құбырлар кем дегенде 30 жылға дейін жарамды, – дейді Қызылорда жылу электр орталығы жылу желілерінің басшысы Бақытжан Молдиманов.

Дәл осындай жұмыс қаланың бірнеше бөлігінде жүзеге асып жатыр. Бөкейханов көшесінің Шоқай көшесімен қиылысынан бастап Шүкіров көшесі арқылы Шұғыла шағын ауданындағы №52 үйге дейінгі аралық – соның бірі. Мұнда да қызу жұмыс қарқыны байқалады, жұмыс 95 процентке бітіп тұр. Жоба құны – 340 млн теңге.

– Биыл қалада жаңғыртылып жатқан 7 нысанның да әбден тозығы жетіп, ауыстыру қажеттігі туған. Алынған құбырлардың 70 проценті мүлдем жарамсыз. Автовокзал аумағында, дәлірек айтқанда, Иассауи мен Бөкейхан көшелерінің қиылысынан Жеңіс көшесіне дейінгі аралықта магистральді желіні жаңғырту жүргізілуде. 1,5 шақырым аумақ түгел ауыстырылып, жаңа құбыр халық игілігіне беріледі. Бұйыртса, 1 қазанда жылу жүйесіне су жіберіп, сынақ жүргіземіз. Соған дейін осы нысандардың барлығы істеліп біту керек, – дейді Б.Молдиманов.

Өмірбаян

Мен, Кушербаев Дархан Жомартович, 1987 жылы 10 қазанда Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында дүниеге келдім. 2009 жылы Алматы энергетикалық институтын «Электроэнергетика» мамандығы бойынша бітіріп, 2009-2015 жылдары РФ Президенті жанындағы халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет жөніндегі Ресей академиясының «Бизнес Ұйымдастыру Шебері», «Бизнес Ұйымдастыру Докторы» бағдарламалары бойынша білім алғанмын. MBA, DBA кәсіби дәрежелерінің иесімін. 2009 жылы Германияның Бад-Гарцбург қаласында Гарцбургтік басқару моделі бойынша тәжірибе алып, 2011 жылы Ұлыбританияның Лондон қаласында «Тиімді энергия маркетингіндегі Ұлыбританияның тәжірибесі» оқу тағылымдамаларынан өткенмін. Заңгер, экономист мамандықтары бойынша қосымша жоғары білімім бар. Кәсіби мансабымды 2007 жылы «Даулетэнерго» ЖШС-ның менеджері болып бастағанмын. 2009 жылдан бастап «Қызылордаэнерго» ЕЖШС-ның вице президенті атандым. 2014 жылдан бастап «Қызылорда жарығы» Холдингтік кеңесі төрағасының орынбасары – коммерциялық директоры қызметін атқарамын. 2017 жылы 5 ғылыми мақала (Сериясы: «Бизнес Ұйымдастыру Шебері» бағдарламасының студенттері мен түлектерінің зерттеулері» РАНХиГС) Мәскеу қаласында жарық көрген «Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының аймақтық электр энергетикалық кешенін дамытудың стратегиялық аспектілері» кітабының (зерттеу монографиясы) авторымын. 2010-2011 жылдары «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы бойынша ауыл кәсіпкерлеріне кәсіпкерліктің негізін оқыту» жобасына жетекші ретінде қатысқанмын. Білім алғандар саны – 630 адам. Оның жартысынан көбі өздерінің ісін ашып, шағын кәсіпкерлікте жұмыс істейді. 2017 жылы Қызылорда облысының аймақтық энергетикалық кешенін дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге қатыстым.

Марапаттар: Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығының «Құрметті энергетик» атағы (2017ж.). Отбасылымын, 3 балам бар.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы бойынша праймеризіне қатысушы Кушербаев Дархан Жомартовичтің бағдарламасы

ЭНЕРГЕТИКА – ҚУАТТЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗІ!

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын, «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» ҚР Президентінің Жолдауын іске асыруға белсенді қатыса отырып, «Nur Otan» партиясының бірінші кезекте орындауға арналған партиялық жобалар аясындағы 6 бағыт бойынша:

- «Ардагерлерді ардақтайық» – «Аға ұрпаққа қамқорлық жасау»
- «Кедергісіз келешек»
- «Жастар Отанға!»
- «Бақытты отбасы»
- «Құтты мекен»
- «Халыққа көмек»

Бағдарламамды ұсынамын:

1. Қызылорда облысының электрэнергетикалық кешенін дамытудың әзірленген тұжырымдамасы авторларының бірі болғандықтан, аймақтарды дамыту стратегиясының негізгі мақсаттарын қамтамасыз ету үшін инвестиция тарту арқылы біздің өңірдің энергияға тәуелділік мәселесін шешуге одан әрі белсенді қатысу.

2. Жасыл энергетика бағдарламасы және оны өңірде белсенді іске асыру аясында инфрақұрылымдық нысандарды дамытуда баламалы энергияны пайдалануға, сондай-ақ біздің облыстың шағын және орта бизнесіне жәрдемдесу.

3. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бойынша біздің өңірдің тұтынушыларына ыңғайлы болу үшін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы коммуналдық қызметтерді ұсыну процестерін цифрландыру жөніндегі маңызды жобаларды іске асыру.

Мысалы, «Қызылорда жарығы» Холдингтік бірлестігі және Қызылорда «IT park» арасында меморандумға қол қойылып, талантты жастарды іріктеу мақсатында жас программистер арасында конкурс жарияланып, ең үздік программалық жобаны анықтауға жол бастадық. Холдинг тарапынан қойылған проблемаларды шешуге креативті инновациялық идеяларды анықтап, жастарды корпоративтік ортаға тарта отырып таланттарын ашу.

4. Елбасының «Құтты мекен» бағдарламасы бойынша инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында, электр қуатымен жабдықтауға қатысты көпқабатты үйлерді жөндеу мен жаңғыртуға бақылау және мониторинг жүргізуге белсенді қатысу.

5. «Бақытты отбасы» бағдарламасы шеңберінде Отбасы институтына дәстүрлі және жүйелі түрде қолдау көрсетіп отыру, мұқтаж отбасыларға көмек көрсету жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеу.

6. Қызылорда қаласының үйішілік электр желілерін жөндеу және көпқабатты үйлердің кіреберістерін жарықтандыру жұмыстарын жалғастыру.

7. **«Жастар ел үшін» бағдарламасы аясында** инновациялық бағыттар бойынша үздік идеяларға конкурстар арқылы корпоративтік және мемлекеттік гранттар бөлу жолымен талантты жастардың білімін жоғары деңгейде пайдалану қажет.

Мысалы, «Ақылды қала» шеңберінде конкурстар жариялап, ең үздік идеяны таңдап, оның әрі қарай іске асыруына неге қолдау көрсетпеске? Партияның ұйымдастыруымен талантты студенттерді, жоғары оқу орны мен колледж түлектерін түрлі пікірталастар мен панельдерге диалог алаңдарына шақырып, көптеген мәселелерді шешуге болады.

Нақты айтсам, мен өзім жұмыс жасайтын Холдингте жастар арасындағы инновациялық идеяларға ұйымдастырылған ішкі корпоративтік конкурстың нәтижесінде тек холдинг ішінде ғана біз осындай талантты 34 жас маманды таңдап, Бизнесті басқару /MBA/ оқуына , Еуропадағы мекемелерде стажировкадан өту сияқты түрлі бағдарламалар бойынша кәсіби дәрежесін көтеруге мүмкіндік жасалды.

Біздің өңірде Кремний алқабына ұқсас Startup қоғамдастығын құру және инвесторларды тартуға және жастардың инновациялық жобаларын іске асыруға, партия тарапынан қолдау көрсету және жастар көшбасшыларын іріктеу және өңіріміздің экономикасын жақсартуға бағытталған жобаларды іске асыруда қолдау көрсету қажет деп санаймын.

Әртүрлі тақырыптар бойынша үздік идеяларды іріктеуге мектептер мен лицейлер арасында түрлі конкурстар өткізіп математика, информатика бойынша олимпиадалардың жеңімпаздарын корпоративтік ортаға тартып, біздің өңір үшін маңызы бар идеялары мен жобаларын іске асыруға жәрдемдесу қажет.

8. Елбасының «бір терезе» және «осы жерде және қазір» қағидатын құру арқылы партияның қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысын күшейту жөніндегі «Халыққа көмек» тапсырмасы шеңберінде, партияның қоғамдық қабылдау бөлмелеріне жүгінген азаматтардың коммуналдық тұрмыстық мәселелерін шешуге тікелей көмек көрсету, сонымен қатар азаматтарды өзімнің кәсіби қызметім шеңберінде үнемі қабылдау.

9. Өңіріміздің жарықтандыру, ауызсу, аяқсу жұмыстарына және жол мәселесінің шешілуіне жергілікті бюджеттен қаржының бөлінуіне ықпал ету.

10. Әлеуметтік салалардың /білім беру, спорт, денсаулық сақтау, мәдениет үйлері/ материалдық-техникалық базасын нығайту жолдарын қарастырып, шешуге жұмыс жасау.

11. **Партия жобасы шағын және орта бизнеске қолдау көрсету бойынша,** «Идея + қолдау тетіктері + іске асыру= біздің өңір халқының мұқтаждықтары үшін ең қажетті заттарды өндіру бойынша «Қарапайым заттар экономикасына» бағдарланған нәтижеде «бір терезе» қағидаты бойынша кәсіпкерлік кластер дайындауға баса назар аудара отырып, корпоративтік басқару жөнінде ішкі партия ұяшығын /мектебін/ ашуды ұсынамын.

(Холдингтің бизнесті оқыту бойынша ауыл еңбеккерлерінің тәжірибесін айтуға болады, онда 630 білім алушының жартысынан астамы мемлекеттік қолдау алып, шағын бизнесте өз істерін ашты).

Мемлекеттің шағын және орта бизнеске көрсетілетін барлық қолдау мүмкіндіктерін «Бір терезеден» көрсетілуіне ықпал етіп жеңілдетілген несие алудан бастап өндірген өнімін өткізуге дейін көмек бере алатын Сервистік орталықтарды ашуға жол ашу қажет.

Мысалы, Татарстан елінде Набережные Челны қаласында көрген тәжірибемде осындай машина жасау кластерінің жұмысымен танысып қайтқанмын, дайын өндіріске жері, инфраструктурасы, инвестициялық көмек, басқа да барлық кәсіпкерге көмек осы кластер арқылы жасалады.

Жастар келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет. Өз еліміздің өркендеуі үшін қосар үлесіміз деп білейік.

Қаржысы праймеризге қатысушының жеке қорынан төленді.

Өмірбаян

Мен, Есенбаев Еркебулан Бактибаевич, 1976 жылы 11 қарашада Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданында дүниеге келдім. 1999 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтын "инженер-экономист" мамандығы бойынша үздік аяқтадым. «Іскерлік әкімшілендіру шебері» /MBA/ және «Іскерлік әкімшілендіру докторы» /DBA/ жоғары кәсіптік дәрежесі бойынша РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясында білім алдым, Мәскеу қ. /2009-2015 жж./. 2009 жылы Германияда «Еуропалық менеджмент: басқару, коммуникация және мотивация» тақырыбы бойынша оқу тағылымдамасынан өттім. Еңбек жолын 1999 жылы «Дәулетэнерго» ЖШС электр энергиясын есепке алу технигі болып бастадым. 2000-2008 жылдары «КРЭК» АҚ-да экономист, қаржы есеп айырысу орталығының басшысы, қаржы директоры болып жұмыс атқардым. 2008 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін біздің өңірдің энергиямен жабдықтау жүйесінде жұмыс істеймін, атқарушы директор – «Қызылорда жарығы» Холдинг Кеңесі төрағасының орынбасары, 2015 жылдан бастап «Энергосервис» ЕЖШС директорымын.

Марапаттар: Қазақстан Электр Энергетикалық Қауымдастығының «Құрметті энергетик». Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеп отырмын.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы бойынша праймеризіне қатысушы Есенбаев Еркебулан Бактибаевичтің бағдарламасы

«Nur Otan» партиясының бірінші орындауға арналған партиялық жобалар аясындағы 6 бағыт бойынша:

- «Ардагерлерді ардақтайық» – «Аға ұрпаққа қамқорлық»
- «Кедергісіз келешек»
- «Жастар Отанға!»
- «Бақытты отбасы»
- «Құтты мекен»
- «Халыққа көмек»

Бағдарламамды ұсынамын:

1. Әлем елдері 4-ші индустриалдық және инновациялық төңкеріс кезеңіне аяқ басқаны мәлім. Осыған орай ақылды қала концепция негізінде біздің аймақтың электр қуатын тұтынушылары үшін интернетті пайдалана отырып барлық қызмет түрлерін алуына мүмкіншілік жасау. Қазіргі таңда 84 мыңға жуық тұтынушыларымыздың 60 пайызы интернет жүйесі арқылы мобильдік платформа негізінде тиісті ақпаратын алып, төлемдерін жүргізуде. Алдағы мақсат 100 пайызға жеткізіп, қызметімізді әрі қарай жетілдіру.

2. Елбасының «Халыққа көмек» жобасы аясындағы тапсырмасын іске асыру үшін партияның қоғамдық қабылдау бөлмелері арқылы азаматтарды тұрақты қабылдап, олардың коммуналдық және тұрмыстық мәселелерін өз кәсіби құзыреттілігімнің шеңбері аясында «бір терезе», «осында және қазір» қағидаттары арқылы шешу.

3. «Жастар ел үшін» партиялық жобасын жүзеге асыру негізінде облысымыздың талантты жастарын серпінді технологиялармен байланысты жобаларға (Startup жобалар) кеңінен тарту арқылы өңірдің тыныстіршілігінің сапасын арттыруына атсалысуға мүмкіндік жасау.

4. Біздің аймақтың дарынды мектеп оқушылары мен түлектерінің инновациялық идеяларын нақты мекемелерде жүзеге асыруға оң ықпал ету.

5. Дуальды білім беру жүйесіне сәйкес жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің 1/3 оқу уақытын өз мамандығымен байланысты салаларда тәжірибелік тағылымдамадан өту арқылы болашақ мамандықтарын түсіну және жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыру.

6. Өңірде «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан қалаларындағы энергосервистік бастамаларды қолдау бағдарламасы шеңберіндегі «Төмен көміртекті даму үшін тұрақты қалалар» атты жобалардың дамуына жәрдемдесу және ілгерілету.

7. «Ардагерлерді ардақтайық» – «Аға буынға қамқорлық» партиялық бағдарламасы аясында аға буын өкілдерінің өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ету және оларға өзімнің кәсіби қызметім аясында көмек көрсету.

Қаржысы праймеризге қатысушының жеке қорынан төленді.

Ақпараттық жүйеге тіркеу міндетті

Пандемия кезінде тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетіліп, қолдау шаралары ұйымдастырылды. Облыс бойынша табысынан айрылуына байланысты 42500 теңге көлемінде 323 923 адамға, қатаң карантин уақытында бүгінге дейін 207 767 адамға қосымша жәрдемақы төленді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Ибраева айтты.

Sb Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Сондай-ақ, биылдан бастап мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік оңалтудың іс-шараларын оңтайландыруға бағытталған Әлеуметтік қызметтер порталы қолданысқа енгізілді.

– Мүгедектігі бар адамдар өз қалауымен жеке іріктеуді талап етпейтін техникалық көмекші құралдардың 55 түрінің 24-мен мемлекеттік сатып алу процесі қолданылмай, портал арқылы мемлекеттің кепілдендірілген сома шегінде қамтамасыз етілуде. Ал, алдағы жылдан бастап мүмкіндігі шектеулі жандарға керекті барлық тауарлар мен қызметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан шығарылып, Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы берілетін болады, – деді ол.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ел тұрғындарының зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мәселесі пысықталғандығын, келесі жылдың өзінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының 700 мыңнан астам салымшысы жинағының бір бөлігін тұрғын үй алуға, емделуге жұмсай алатындығын айтқан болатын. Баспасөз мәслихатында облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшысының орынбасары Тұмар Шалбаева бұл реформа еңбек қатынастарының заңды рәсімделуі мен жұмыскерлердің еңбек құқықтарының қорғалуына әсер ететіндігін атап өтті.

– Осы орайда әр азамат жұмыс берушісімен еңбек қатынастарын заңды түрде рәсімдеп, еңбек шартының жасалуын талап етуі қажет. Осыған дейін, еңбек заңнамасында жұмыс берушілерге еңбек шарты мәліметтерін «Еңбек шарттары есебінің бірыңғай жүйесі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізу міндеттелмеген болатын. Осы жылдың 4 мамырында ҚР Еңбек кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты, жұмыс беруші жұмыскерлердің еңбек шарттарын электронды түрде аталған жүйеге тіркеу міндетті, – деді ол.

Айта кету керек, облыста жыл басынан бері 777 мекеме мен кәсіпорынның 53 884 еңбек шарты жүйеге енгізілді.

Жомарттықты жолдас, мәрттікті жанына серік еткен жандар бар арамызда. Олар адамдық мақсат азаматтық ұстаным мен ар-абыройға тікелей тәуелді деп біледі. Шәкәрім айтқан «адамдық борышың, халқыңа еңбек қыл» тәмсілі – осы кәсіпкерлердің темірқазығы. Олар жақсылық жасап жарысады. Жарнама үшін емес, жомарт жандар мұны ұлт алдындағы борышы деп есептейді.

Sb Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

ЕСКІДЕН ЖАҢА: мұқтаж отбасыларға компьютер табысталды



Қазір облыстық «Жастар ресурстық орталығында» Бақдәулет Мақашов, Асхат Шәукенбаев секілді қайырымды кәсіпкерлердің қолдауымен мейірімділік шаралары жалғасын тауып жүр. Жүрегі кең, мейірімді азаматтар «Мектепке жол» акциясы аясында оқушыларға қажетті құрал-жабдықтарды тарту етуде. Бұдан бөлек, жастар жаңашыл бастаманың басы-қасынан табылды. Олар ескі компьютерлерді кәдеге жаратып, балалардың кедергісіз білім алуы үшін IT паркпен бірлескен жобаны қолға алды. Ең бастысы, бұл бастама өз жемісін берді.

Қала тұрғындары бұған дейін істен шыққан компьютерлерін орталыққа әкелген болатын. Нәтижесінде мамандар 110-ға жуық компьютердің қажетті бөлшектерін пайдалана отырып, жаңа 20 компьютер жасақтап шығарды. Олар бірінші лекте тұрмысы төмен, мұқтаж отбасыларға таратылды. Орталық директоры Бауыржан Мастековтің айтуынша, республикада алғаш болып біздің өңірде қолға алынған бұл бастама алдағы уақытта жалғасады.

– Жаһанды жайлаған пандемия білім саласына біраз өзгерістер енгізді. Оқу онлайнға көшті, ал бұл ретте әрбір балаға қазіргі заманның басты қажеттілігіне айналған – телефон, компьютер, ноутбук қажет. Біз көп ойланбай, шешімге келдік. IT парктің сенімді басқарушысы Алмат Қуанышбаевпен бірге жаңа жобаны қолға алдық. Бүгін бірінші легі тапсырылды. Қазір орталықта 10-нан астам өз саласының мамандары құрылғылардың сапасын бақылап, тиісті жұмыстар жүргізіп жатыр. Алдағы уақытта да пайдаға жарайтын компьютерлерді жөндеуден өткізіп, табыстаймыз. Егер де уақыт өте оның қандай да бір бағдарламалары істен шықса, мамандар қайта жөндеуден өткізуге дайын. Біз бұл мәселелердің барлығын жан-жақты қарастырдық, – дейді Б.Мастеков.

Компьютерге қол жеткізгендер ішінде Жарқынай Темірбаева бар. Қазір ол №144 мектепте 8 сыныбында оқиды. Оның білім көкжиегін кеңейтуіне берілген бұл мүмкіндікке деген алғысы зор. Иә, жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды. Өзгеге мейірім сыйлау үшін таза ниеттің өзі жеткілікті екені анық.

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті қызылорда облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі қаулысы
17 қыркүйек 2020 жыл №24 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысы бойынша шектеу шараларды, оның ішінде карантинді кезең-кезеңмен жеңілдету туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Барлық деңгейдегі әкімдіктерге, аумақтық мемлекеттік органдарға, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына, «КТЖ-Жүк тасымалы» акционерлік қоғамы филиалының «ГП Қызылордалық бөлімшесіне», құқық қорғау мен арнайы органдарға тыйым салуды жалғастыруды:

1) көпшілік іс-шараларын, спорттық-көпшілік, отбасылық, естелік, салтанатты, мерекелік, мәдени-көпшілік, конференциялар, семинарлар, көрмелер, тағы басқа көпшілік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойы, мерейтой, еске алу және т.с.) және басқа да адам көп жиналатын іс-шараларды, оның ішінде тұрғылықты мекен-жайы бойынша іс-шараларды өткізуге;

2) банкет залдарының, сауда-ойын-сауық кешендері жанындағы балалардың ойын алаңдарын, фудкордта жұмыстарына;

3) ойын-сауық орындарының (караоке, бильярд, компьютерлік клубтар, түнгі клубтар, боулинг орталықтары, жабық үй-жайлардағы балалардың ойын алаңдары мен аттракциондар, батуттар және басқалары), кинотеатрлардың (ашық ауадағы кинотеатрларды қоспағанда), букмекерлік кеңселердің қызметіне;

4) оқушылардың және мектеп жасына дейінгі балалардың экскурсиясына;

5) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 110-бабының 5-тармағына сәйкес кальянды пайдалануға.

2. Күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен рұқсат берілсін:

1) қала маңындағы жолаушылар поездарының қозғалысын жалғастыруды;

2) сауда-ойын-сауық орталықтары мен сауда нысандары (бутиктер), сауда желілері жұмысына (толтырылуын 30%-дан асырмай, 1 адамға 4 ш.м. болу) сағат 09.00-ден 23.00-ге дейін;

3) сұлулық салондарының, шаштараз, СПА орталықтар және косметологиялық қызмет көрсететін орталықтар жұмысына (алдын ала жазылу бойынша, 1 адамға шаққанда 4 ш.м. болу);

4) балалардың түзету кабинеттерінің/орталықтарының, балалар мен ересектерге арналған білім беру орталықтарының қызметіне топ 15 адамнан аспай толтырылғанда, алдын ала жазылу бойынша, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің (бұдан әрі – ҚР БМСД) №43 қаулысының талаптары сақталған жағдайда рұқсат етуді;

5) меншік нысанына қарамастан балабақшалардың кезекші топтарына (15 баладан асырмай);

6) ашық алаңдағы аттракциондар жұмысына;

7) фитнес орталықтарының, тренажер залдары (орталықтары), спорттық-сауықтыру орталықтарының (үйірмелер, секциялар, т.б.) жұмысына (1 адамға 5 ш.м. дейін болу, толтырылуын 50%-дан асырмай, алдын ала жазылумен);

8) қоғамдық монша, сауна (толтырылуын 50%-дан асырмай, 1 адамға 4 ш.м. болу) жұмысына сағат 09.00-ден 23.00-ге дейін;

9) ашық алаңда жеке және топтық жаттығуларға (5 адамнан аспай);

10) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып Ұлттық құрама, клуб командаларына спорттық жаттығулар өткізуге (30 адамнан асырмай, байланыссыз термометрия, спорттық базаларда тұру);

11) облыс, аудан орталықтарындағы қоғамдық көліктің жұмысына (пик сағаты уақытта автобустар санының көбейту, кондуктордың болуы, соңғы аялдамада дезинфекциялық тазарту, барлық есіктерді ашу, жолаушылар саны көліктегі орындар санына сәйкес болу керек);

12) қоғамдық орындарға (демалыс саябақтары, саяжолдар, субұрқақтар, жағалаулар және басқа демалыс орындары) 3 адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелеріне әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып баруға сағат 9.00-ден 23.00-ге дейін;

13) жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарларының қызметіне 1 адамға 4 ш.м. дейін болу, толтырылуын 30% -дан асырмай;

14) ұжымдық іс-шараларды өткізбей, ашық ауадағы және үй-жайда 50-ден аспайтын отыратын орын орната отырып, қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне сағат 9.00 ден 23.00-ге дейін;

15) халыққа қызмет көрсету орталықтарының, сондай-ақ мамандандырылған ХҚКО жұмысына тек алдын ала Egov.kz, EgovKZBBot 2.0 телеграмм-ботпен брондау арқылы;

16) қызметті барынша онлайн форматта көрсету арқылы «Қазпочта» АҚ-ның жұмысына;

17) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты және саны бойынша шектей отырып, қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне;

18) халыққа байланыссыз қызмет көрсету (автомобиль жуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы жөндеу және т.б.) объектілердің қызметіне;

19) аймақтау талаптарын сақтай отырып медициналық орталықтардың (жазылу бойынша) қызметіне.

3. Жұмысы мен қызметін жалғастырсын:

1) ҚР БМСД-нің №43 қаулысының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық компаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне рұқсат етуді қамтамасыз етсін. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 50%-ы қашықтықтан жұмыс істеу нысанында қалдырылады (штаттық кестеде 30-дан астам қызметкер болған жағдайда)

2) бизнес-орталықтардың (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары және т.б.);

3) толтырылуы 50%-дан аспайтын талапты және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы және туризм объектілері мен ұйымдардың (қонақ үйлер, пәтерді жалға алу, демалыс үйлері, туристік базалар және т. б.);

4) такси қызметтері санитариялық-эпидемиологиялық, санитариялық-дезинфекциялық ережелер Алгоритмдерін сақтай отырып 3 ересек адамға дейін немесе бір ересек адам екі кәмелетке толмаған баланы алып жүруі талаптарын сақтай отырып жұмысын.

4. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері мынадай:

1) ондағы азық-түлік супермаркеттері мен дәріханаларды қоспағанда, сауда үйлері, сауда-ойын-сауық орталықтарының жұмысын тоқтата тұру;

2) азық-түлік емес және азық-түлік жабық базарларының жұмысын тоқтата тұру бойынша шектеу шараларын енгізуді;

5. Халық көп баратын жерлерді қашықтағы термометрлермен қамтамасыз етуді (денсаулық сақтау, авто және теміржол станциялары, әуежай және т.б.).

6. Қызылорда қаласы мен аудандар әкімдеріне, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің аумақтық басқармаларына, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына:

1) «InfoKazakhstan» электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін, объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес объектілерінің қызметін қайта бастауға арналған актіні электрондық беруді;

2) InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық формата берілетін Санитариялық нормаларға сәйкестік актісінің негізінде объектілердің қызметін қайта бастауды;

3) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін объектінің кіреберісінде Санитариялық нормаларға сәйкестік актісін көзге көрінетін жерге орналастыруды;

4) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтында жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді;

5) бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлердің уақытылы шаралар қабылдауы мақсатында шағымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін InfoKazakhstan. kz сайтты пайдалануды;

6) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;

7) InfoKazakhstan.kz сайтындағы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуі (ҚР БМСДҚ-ға қосымшаларында айқындалатын белгіленген шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес 1 адамға алаң ескеріле отырып айқындалады және енгізіледі);

8) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларымен бекітілген санитариялық-дезинфекциялық режим Алгоритімдерін сақтауды.

7. Қызылорда облысының полиция департаменті карантиндік шаралар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қалалар, аудандар орталықтары мен елді мекендерде патрульдеуді жалғастыруды.

8. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері, аумақтық мемлекеттік органдар, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына, құқық қорғау мен арнайы органдар және меншік нысанына қарамастан барлық нысандар қамтамасыз етуді:

1) азық-түлік гипермаркеттері, оптомаркеттер, супермаркеттер, минимаркеттер, дүкендер, бірінші кезекте қажетті тауарлар (азық-түлік, шаруашылық және гигиеналық тауарлар) саудасы жұмысын, кезектерде (2 метрден кем емес) арақашықты сақтауды, бетперделік режимді, санитариялық-дезинфекциялық талаптармен ережелерді қатаң сақтай отырып, жұмысын сағат 09.00-ден 23.00-ге дейін;

2) жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, қоғамдық көліктің әрбір рейс алдында, әуежай, теміржол және автовокзалдарды, супермаркеттер, базарлар, қоғамдық көлік аялдамаларын (күніне кемінде екі рет), балалар және спорт алаңдарын, көше орындықтарын, банкоматтарды, банк терминалдары мен POS-терминалдарды залалсыздандыруды;

3) адам көп жиналатын орындарда және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін нысандарда күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтауды (қолды залалсыздандыруға арналған санитайзерлерді орнату, беткі қабаттарды күніне екі реттен кем емес өңдеу, дезинфекциялық құралдарды пайдалана отырып ылғалды тазалау, желдету);

4) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, оңалту және бейімдеу орталықтарында, әлеуметтік оңалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оқу орындарында карантинді және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды (көрсетілген ұйымдардың ішкі нұсқаулықтарына қатаң сәйкестікте пациенттердің палаталар немесе бөлмелер арасында және қызметкерлердің бөлімшелер арасында жүруіне, келушілер мен сырттан тамақ қабылдануына тыйым салуды);

5) жеміс-жидектер мен көкөністерді қоспағанда, азық-түлік өнімдерін пакетте сату түрінде;

6) сауда, қоғамдық тамақтану объектілерінде халыққа ауысымында және бүтіндігі бұзылған кезде кемінде екі рет ауыстыруға жататын бір рет қолданылатын қолғаптармен (сатушылар, аспаздар, даяшылар, кассирлер және тамақ өнімдерімен тікелей жанасатын басқа да адамдар) қызмет көрсетуді;

7) COVID-19-дың профилактикасы мәселелері бойынша халықты үнемі ақпараттандыруды;

8) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларымен бекітілген санитариялық-дезинфекциялық режим Алгоритмдерін сақтауды;

9) белгіленген талаптар сақталған жағдайда және ұжымдық іс-шараларды өткізбей діни объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) қызметіне рұқсат беруді;

10) бір адамға су бетінің 5 ш.м. есебінен жеке форматта, алдын ала жазылу бойынша бассейндердің қызметіне рұқсат беруді;

11) маска режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және өзгелерге) баруға рұқсат беруді;

12) мәдениет объектілерінің, кітапханалардың, мұражайлардың қызметіне рұқсат беруді (30 адамнан аспайтын жеке, топтық репетициялар);

13) контингенті 5-тен 180 адамға дейінгі, сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейінгі мектептердің, мектепалды, 1-4 сыныптардың білім алушылары үшін ата-аналарының өтініші бойынша сыныптардың жиынтығы 15 баладан аспаған жағдайда білім беру ұйымдарындағы кезекші сыныптардың жұмыс істеуіне рұқсат беруді;

14) жеке және топтық жаттығуларға арналған спорт кешендерінің қызметіне рұқсат беруді (толтырылуын 50%-дан асырмай, 1 адамға 5 ш.м. болу);

15) осы Қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Алгоритмді сақтай отырып, кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз өткізуге рұқсат беруді (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде);

16) ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, арнайы мектеп-интернаттардың, жалпы типтегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беруді;

17) маска режимін, әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық ауадағы кинотеатрлардың қызметіне рұқсат беруді;

18) театрлардың қызметіне рұқсат беруді (толтырылуы 50%-дан артық емес, бірақ 50 адамнан артық емес, infokazakhstan.kz порталында тіркеле отырып, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және ҚР БМСД-нің №43 қаулысының талаптарын сақтай отырып);

19) сауда-ойын-сауық орталықтарында орналасқан (жеке үй-жайларда) қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне ұжымдық іс-шараларды өткізбей, 50-ден аспайтын отыратын орын орнатыла отырып, ҚР БМСД №43 қаулысының талаптары сақталған кезде рұқсат етуді.

9. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері нысандардың Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларымен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық, санитариялық-дезинфекциялық режимдер Алгоритмдері талаптарына сәйкестігін мониторингілеу жүргізуді. Мониторингтік топпен бұзушылықтар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шаралар қабылдауды.

10. Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және қала, аудан әкімдіктеріне коронавирусты инфекцияның профилактикасы бойынша Қызылорда облысындағы шектеу шаралары, оның ішінде карантин туралы бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде жадынамалар тарату, хабарландырулар, инфографика, видеороликтер, жүгіртпе жолдары арқылы және т.б. арқылы жаппай түсіндірме жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуді.

11.Әуежай, теміржол және автовокзал, автобекет басшыларына:

1) әуе кемелері, құрамдар және автокөліктер келгеннен кейін, оның ішінде қызмет көрсететін жердегі жабдықтар мен қоғамдық көлікке қорытынды дезинфекция жүргізуді;

2) әрбір рейстен кейін әуе кемелерін, құрамдар және қоғамдық көлікте ағымдағы профилактикалық дезинфекция жүргізуді;

3) жолаушыларды отырғызуға және түсіруге тартылған әуежай терминалдарының, теміржол және автовокзал, автобекеттердің барлық үй-жайларын ағымдағы профилактикалық дезинфекция жүргізуді.

12. Қызылорда облысының тұрғындары мен қонақтары эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанша далада, ғимаратта, қоғамдық көлікте және таксилерде бетперде киюге міндетті.

13. Қала, аудандардың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері аумақта қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдауға құқылы.

14. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 тамыздағы «Қызылорда облысы бойынша қатаң шектеу және карантиндік шараларды енгізу туралы» №20, 2020 жылғы 30 тамыздағы «Қызылорда облысы Бас санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №21, 2020 жылғы 16 қыркүйектегі «Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 тамыздағы «Қызылорда облысы бойынша қатаң шектеу және карантиндік шараларды енгізу туралы» № 20 қаулысына өзгерістер енгізу туралы » №22 қаулыларының күші жойылсын.

15. Осы Қаулы 1, 2-қосымшалармен толықтырылсын.

16. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

17. Осы қаулы 2020 жылдың 19 қыркүйек 00 сағат 00 минуттан бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Д. Жанабергенова

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы «_____» _____ №_____ қаулысына 1-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің қызметін қайта бастау

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
Мемлекеттік органдар (ұйымдар), ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор органдарының, бизнес-орталықтары және басқа да кеңселер	Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 қаулысына (бұдан әрі – № 43 БМСДҚ) 1-қосымша	Хабарлама	
Өнімнің бөлшек сауда орындары, үйдің жанындағы дүкендер	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Хабарлама	
Тамақ өнімдерін көтерме және бөлшектеп сату объектілері (азық-түлік базарлары)азық-түлік қоймалары	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Көтерме және бөлшек сауда объектілері (азық-түлік емес базарлары)	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Сауда алаңы 2000 шаршы метрден кем болатын болек тұрған дүкендер, сауда желілері	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Хабарлама	
Сауда алаңы 2000 және одан артық шаршы метр болатын бөлек тұрған дүкендер, сауда желілері	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Сауда алаңы 2000 және одан артық болатын сауда ойын-сауық кешендері (орталықтары)	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Онлайн сауда объектілері (интернет дүкендер, курьерлік қызметтер және т. б.)	№43 БМСДҚ-ға 1 және 5-қосымшалар	Хабарлама	
Автосалондар, автомобильдің қосалқы бөлшектері дүкендері және техникалық қызмет көрсету (вулканизация, автожуу) шиномонтаж) станциялары	№43 БМСДҚ-ға 6-қосымша	Хабарлама	
Қызмет көрсету саласы объектілері (сұлулық салондары, шаштараздар, косметологиялық қызмет көрсететін объектілер (алдын ала жазылу бойынша), химиялық тазалау, кір жуу орындары, ұйымдастыру техникасын жөндеу)	№43 БМСДҚ-ға 7-қосымша	Хабарлама	
Фитнесқызметін көрсету бойынша объектілер, спорт кешендері	№43 БМСДҚ-ға 8-қосымша	Хабарлама	
Халыққа қызмет көрсету (типографиялық қызметтер, тігін ательесі, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу сервисі) бойынша объектілер және өзге де объектілер	№43 БМСДҚ-ға 10-қосымша	Хабарлама	
Халыққа тұру бойынша қызмет көрсету саласындағы объектілер (қонақүйлер, отельдер)	№43 БМСДҚ-ға 11-қосымша	Хабарлама	
Әуежайлардың және теміржол вокзалдарының қызметі	№43 БМСДҚ-ға 12-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Маусымдық ауыл шаруашылығы дала жұмыстарына, табиғат қорғау, ветеринариялық, ауыл шаруашылығы,оның ішінде ара шаруашылығы іс-шараларына тартылған ұйымдар мен қызметкерлердің қызметі	№43 БМСДҚ-ға 13-қосымша	Хабарлама	
Мектепке дейінгі балалар ұйымдары	№43 БМСДҚ-ға 14-қосымша	Хабарлама	
Қоғамдық көлік	№43 БМСДҚ-ға 15-қосымша	Хабарлама	
Жолаушыларға арналмаған жүк тасымалы, көліктік-экспедиторлық тасымалдау	№43 БМСДҚ-ға 1 және 25-қосымша	Хабарлама	
СПА, массаж салондардың, моншалардың, сауналардың қызметі	№43 БМСДҚ-ға 16-қосымша	Хабарлама	
Санаторийлық-курорттық мақсаттағы объектілер, демалыс үйлері, туристік базалар	№43 БМСДҚ-ға 17-қосымша	Хабарлама	
Білім беру, түзету орталықтарының қызметі	№43 БМСДҚ-ға 19-қосымша	Хабарлама	
Тамақ өнеркәсібі объектілері	№43 БМСДҚ-ға 25-қосымша	Хабарлама	
Қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру объектілеріндегі тамақтануды қоспағанда)	№43 БМСДҚ-ға 21-қосымша	Хабарлама	
Ұйымдастырылған ұжымдардағы, ас блоктарындағы қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру және тәрбиелеу ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілерін қоспағанда)	№43 БМСДҚ-ға 21-қосымша	Хабарлама	
Тамақ жеткізуді жүзеге асыратын қоғамдық тамақтану ұйымдары	№43 БМСДҚ-ға 22-қосымша	Хабарлама	
Пенитенциарлық (қылмыстық атқару) жүйедегі мекемелер	№43 БМСДҚ-ға 24-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістік объектілер, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы объектілер	№43 БМСДҚ-ға 25-қосымша	Хабарлама	
Медициналық-әлеуметтік объектілер (қарттар, мүгедектер үйлері, сәбилер үйлері және басқалары)	№43 БМСДҚ-ға 26-қосымша	Хабарлама	
Өнеркәсіптік және индустриялық кәсіпорындар құрылыс компаниялары (құрылыс салушылар)	№43 БМСДҚ-ға 28-қосымша	Хабарлама	
Автожанармай құю станциялары және ЖЖМ көтерме сату	№43 БМСДҚ-ға 1 және 5-қосымшалар	Хабарлама	
Ғимараттарға қызмет көрсету объектілері (лифт, күзет қызметтері, ғимараттарға қызмет көрсету ұйымдары және т. б.)	№43 БМСДҚ-ға 1-қосымша	Хабарлама	
Коммуналдық шаруашылық объектілері	№43 БМСДҚ-ға 25-қосымша	Хабарлама	
Денсаулық сақтау объектілері (стоматологиялық клиникаларды қоспағанда)	№43 БМСДҚ-ға 2, 31 және 34-қосымшалар	Хабарлама	
Стоматологиялық клиникалар	№43 БМСДҚ-ға 29-қосымша	Хабарлама	
Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілер (дәріханалар, фармацевтикалық компаниялар)	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Хабарлама	
Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілер (фармацевтикалық өндірістер)	№43 БМСДҚ-ға 25-қосымша	Хабарлама	
Экскурсиялық қызметті жүзеге асыратын объектілердің кеңселері (туристердің ұйымдастырылған топтары үшін экскурсиялар ұйымдастыру)	№43 БМСДҚ-ға 1-қосымша	Хабарлама	
Ашық ауадағы аттракциондар	№43 БМСДҚ-ға 1-қосымша (II бөлім)	Хабарлама	
Қаржы нарығы объектілері	№43 БМСДҚ-ға 1-қосымша	Хабарлама	
Мәдениет объектілері (30 адамға дейін жеке және топтық дайындықтар)	№43 БМСДҚ-ға 9-қосымша	Хабарлама	
Фитнес қызметін көрсететін объектілер (бір келушіге кемінде 5 ш.м. қамтамасыз ете отырып, алдын ала жазылу бойынша), спорт кешендері (30 адамға дейінгі топтар үшін оқу-жаттығу процесін жүргізу)	№43 БМСДҚ-ға 8-қосымша	Хабарлама	
Діни объектілер	№43 БМСДҚ-ға 20-қосымша	Хабарлама	
Бассейндер (бір адамға су бетінің 5 ш.м. есебінен)	№43 БМСДҚ-ға 16-қосымша	Хабарлама	
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, қорықтар, резерваттар және өзгелері)	№43 БМСДҚ-ға 38-қосымша	Хабарлама	

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы «_____» _____ №_____ қаулысына 2-қосымша

Кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу алгоритмі

Кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу кезінде COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында мынадай шаралардың сақталуын қамтамасыз ету қажет:

1. Үй-жайларда ауаны желдету/ауа баптау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі.

2. Ғимаратқа кіреберісте барлық кіретін адамдарға байланыссыз термометрия жүргізу, холлдарда антисептикалық құралы бар санитайзерлер орнату және кеңестерге (отырыстарға) қатысушылардың қолды антисептикалық құралдармен өңдеуін бақылау.

3. Кеңестерге (отырыстарға) қатысушыларды залда әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып отырғызу.

4. Көзбе-көз кеңестерге (отырыстарға) қатысушыларға қойылатын талаптар:

1) 3 тәуліктен аспайтын уақыт өткен COVID-19-ға ПТР әдісімен тестілеудің теріс нәтижесінің болуы;

2) кеңес (отырыс) өткізілетін үй-жайда болған барлық кезең ішінде респираторлық үлгідегі медициналық масканы пайдалану;

3) әлеуметтік қашықтықты сақтау;

4) қол алысуды немесе тікелей байланыстың басқа да нысандарын болдырмау.

5. Сөз сөйлеу ұзақтығы 30 минуттан артық болғанда және қатысушылардың бірінші қатарынан кемінде 3 метр қашықтықта болғанда спикерлерге қорғау құралдарын пайдаланбай сөйлеуге жол беріледі.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

АСҚАР ТОҚМАҒАМБЕТОВ – 115

АСҚАР АҚЫН

Сырдың бойындағы Тереңөзек ауданында 1905 жылы дүниеге келген Асқар Тоқмағамбетовке қазақ әдебиетінің алыптарымен бірге қанаттаса жүру бақыты бұйырған. Алғашқы білімді ауыл молдасынан алған Асқар 1924-1925 жылдары Ташкенттегі политехникумда оқиды. Қызылорда астана атанған 1925 жылдың көктемінде Асқар Тоқмағамбетов Тереңөзектен келіп, «Еңбекші қазақ» газетіндегі Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллинмен араласып, қайраткер, қаламгер ағаларынан тәлім алып, қаламын ұштаған.

Sb Дәуіржан ЕЛУБАЕВ, «Сыр бойы»

Ол 1932 жылы Мәскеу полиграфия институтын бітіріп, «Ленин жолы», (1933-1934), «Қазақ әдебиеті» (1934-1935), «Социалистік Қазақстан» (1937-1944) газеттері мен «Ара» журналында қызмет істеді. Кейінгі жылдары Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент, Қызылорда облыстары бойынша жауапты хатшысы қызметін атқарды.

Тарих тереңінде талай деректер жатыр. Мәселен, Асқар Тоқмағамбетовтің қазақ баспасөзі тарихында орны бар «Сыр бойы» газетінің алғашқы номеріне сүйіншілеп жыр арнаған ақын. Бұл өлең газет шығардан бір жыл бұрын, яғни 1928 жылы жазылыпты. Облыстық басылым 1929 жылдың 1 шілдесі күні дәл бүгінгідей «Сыр бойы» атауымен жарық көргені оқырман қауымға мәлім. Әріптесіміз Биболат Сәтжан басылымның 90 жылдығы қарсаңында ақынның қызы әрі мұрасын көзінің қарашығындай сақтаушы перзенті, ұлағатты ұстаз Аякөз Асқарқызына жолығып, қолжазбалармен, құнды құжаттармен танысқан болатын. Сарғайған парақтардың арасындағы «Сыр бойы» газетінің алғашқы саны шыққанда жазған өлеңінің қолжазбасын суретке түсіріп алыпты.

«Сыр бойында» сызылмақ, «Үлгілі істің үлгісі» деп басылымның алғашқы қадамын сүйіншілеген шығарма 1928 жылдың 22 маусымында жазылған екен. Екінші бір құжат – 1929 жылдың 12 қазанында берілген, «Сыр бойы» газетінің жауапты редактор мен хатшы Байдулиннің қолы қойылған, ақынның Қармақшы ауданына іссапар куәлігі. Бұл құжаттар ақынның М.Горькийдің қолынан алған Бүкілодақтық Жазушылар одағына мүшелік билеті, өзге өлеңдері және хаттарымен бірге сақталып келген.

Ақынның алғашқы сатиралық өлеңдер жинағы «Күлкі – сықақ» 1929 жылдары басылды. Ал оның қазақ әдебиетінде алар орны, ақындық ерекшелігі туралы алғашқы мәлімет 1942 жылы Е.Исмайылов редакциясымен басылып шыққан оқулықта берілген. Одан соң бірнеше мақала соғыстан кейінгі кезеңде жазылды. Осы ретте Ғ.Мүсірепов С.Мұқанов, А.Нұрқатов, Ә.Тәжібаев мақалаларын атауға болады. Қарымды қаламгерлер мақалада ақын шығармасының өмірмен тығыз байланысы, лирикасы мен сатирасын айрықша атап көрсетеді. Сонау 20-жылдардың ортасынан бастап қалам ұстаған ақын өзіндік өзгешелігі зор ақын, көптеген поэзиялық шығармалардың авторы болды. Ақын 1947 жылдан бастап мысал жанрымен айналыса бастады. Содан бері «Шырмауық пен алма ағаш», «Мысық пен шыбын», «Әупілдек пен күмпілдек», «Тоқылдақ пен тиын», «Қой мен ешкі», «Төбет пен мысық», «Қарға мен бұлбұл», «Тырна мен көгершін» тәрізді көптеген мысалдар жазды. Бұдан тыс көптеген өлеңдерін балаларға арнады. Сонымен қатар ол жұртшылыққа көрнекті прозаик, драматург ретінде де танылды. Ақын «Екі Заң» атты комедия, «Әзірет Сұлтан» деген пьеса жазды. Прозамен де шұғылданып, «Жыр күмбезі» (1975) атты тарихи роман жазды. Тәжік классигі С.Айнидің «Құлдар» романын қазақшаға аударды. Бұған қоса, ол – әнге арнап өлең жазған алғашқы қазақ ақындарының бірі. Әсіресе соғыс жылдарында ән сөзін жазумен көбірек шұғылданады.

Облыстық «Сыр бойы» («Ленин жолы») газетінде ұзақ жылдар еңбек еткен журналист, ұжымның ардагері Рысты Бекбергенова ақынның 100 жылдығына орай жазған «Асқар ойлы Асекем» атты мақаласында:

«Менің туған жерім – Каспий теңізінің ар жағындағы орыс жері, Астрахань облысы. Бала кезімізде ауылда әдебиетке жаны құштар, өлеңжырды қатты сүйетін Алпыс деген аталас ағайын болды. Сол атам қайдан, кімнен алғанын білмеймін, өте ескі, кейбір беттері жоқ қазақ әдебиеті кітабын әкеп, маған оқытатын. Әлгі оқулықтар ішінде С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлинмен бірге Асқар Тоқмағамбетовтің де өлеңдері мен суреті болатын. Оған қызығып, «Шіркін-ай, осы кісілерді бір көрсем-ау» деп армандайтынмын. Бұл арманым 1952 жылы Қызылордадағы М.Мәметова атындағы педучилищеде оқып жүргенде орындалды», – деп жазады. Сонымен бірге автор ақынның өмірде қарапайым екенін, адамгершілік асыл қасиеттері мен жастарға қамқорлық танытқан сәттерін тебірене жеткізіпті. Сондайақ, марқұм Қази Данабаев та «Асқар ақынмен таныстық» атты мақаласында 1969 жылы Қызылорда педагогикалық институтына түскеннен кейін «Ленин жолы» редакциясына соққанын, Қомшабай Сүйенішевтің ақылымен А.Тоқмағамбетовке өлеңдерін көрсеткенін, оның «Жалын» журналына сәт сапар жазып бергенін баяндайды. Мұнан Асқар ақынның қолына қалам ұстаған жастар шығармашылығына мән беріп, ел мәдениетін биік деңгейге көтеруге жауапкерпшілікпен қарағанын бағамдаймыз.

ЖАҚСЫЛЫҚ РАХМАТУЛЛА – 75

Рух биігіндегі болмыс

Қасиетті Қаратау мен сұлу Сырды тел еміп өскен әріптесіміз әрі ағамыз, облысқа ғана емес, республикаға қарымды қаламымен танылған жазушы-журналист Жақсылық Шайманұлы Рахматулланың жалған дүниеден көшкеніне де жылға жуықтады. Қыркүйектің 18-індегі жетпіс бесінші белесіне жетпей кетті.

Ол туған өлкесі, адамдардың қарым-қатынасындағы қайшылықтар, ақ пен қара алмасқан тірліктің түрлі бояуы туралы шырайлы шығармалар жазған қарымды қаламгер еді. Ойын мазалап, жүрегін тербеген тақырыпты Құдай берген дарын-талантымен туындыға айналдырып, сөз өнерінің ауыр да азапты жолынан сүрінбей өтті. Бүгінде әріптес-ұстаздың ізгі қасиеттерін еске алып, ризалық сезімімді, пейілімді білдіргім бар.

Қалам тартып, баспасөзге қатысып жүрген жерлестерім үшін Жақсылықтың орны бөлек еді. Облыстың бас газеті – «Сыр бойын», оған қоса Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының облыстағы өкілдігін басқарды. Осынша жауапты жұмыстарды атқара жүріп, бірнеше көркем хикаят, әңгіме, публицистикалық кітап жазды. Ізінен шәкірт ертті, біз секілді өнер мен өлеңге жақын адамдарға, журналистерге аға болды.

Өткен ғасырдың 1966 жылдары еді. Сол жылы Жаңақорған ауданы Шиеліден үшінші рет енші алып, өз алдына ірге көтерді. Маусым айынан бастап аудандық «Коммунизм жолы» (қазіргі «Жаңақорған тынысы») газеті шыға бастады. Оның алғашқы редакторы болып талантты журналист, ұйымдастырушы Мырқы Исаев қызмет атқарды. Бұл тұста жаңа ұжымда жауапты хатшы Әбділдә Жаңабеков, редактор орынбасары Қалжан Ысмайылов, хат бөлімінде Үмітай Өміртаева, ауыл шаруашылығы бөлімінде Айдархан Бибасаров еңбек етті. Жаңа лектің қатарын Жақсылық Рахматуллаев (ол кезде осылай жазылатын) бастаған Бақтыбай Айнабеков, Оңалбай Садықов, Төлеуғали Отарбаев, Сәйдін Қожаев, Тұмарбай Жаненов, Ыдырыс Дәрібаев, Әкім Мейірбеков, Үсен Әбшенов, Қуат Оразбаев, Құдайберген Ертасов, Пахаддин Айнахожаев толықтырды. Газеттің басшылығын Мырқы ағамыздан соң Адырбек Сопыбеков, Құдабай Ертаев, Айдархан Бибасаров қолға алды. Аудандық газет тарихында олардың қолының ізі, жүрек жылуы, елге деген қызметтерінің белгісі қалды.

1966 жылдың шілдесінде он бір жылдық мектепті бітірісімен аудандық газетке әдеби қызметкер болып қабылдандым. Бізден екі жыл бұрын мектеп бітірген Жақаң – Жақсылық газетте жұмыс істейтін. Мектептегі әдебиет үйірмесіне үзбей қатысып жүргендіктен, оны жақсы білетінмін. Ол жылдары өлеңімен танылған Қоржыбай Кемелбеков, Көбей Өтежанов, Сейсен Мұхтаров, сазгер-ұстаз Нағызхан Жаманбаевпен жас болсақ та, шығармашылыққа жақындық бір-бірімізді тез табыстырғантын. Сол тұста газет жанрын терең меңгерген, өлең жазатын Жақаңды өз тұстастарынан көш биік көретінбіз. Аудан өмірін, сан салалы шаруашылығын жақсы білетін ол қай тақырыпқа қалам тартса да, оқушысын елең еткізіп, таңырқатпай қоймайтын. Жазуға енді-енді машықтанған бала тілші бізге сол тұста Жақаң білгенін үйретіп, ағадай тәрбиелеп, қанатының астына алды.

Мектептен енді түлегендегі шикі тұстарымыз газет қабырғасында жүріп шырады. Өмір көріп, адамның қадір-қасиетін ұғып, жақсы мен жаманды ажыраттық. Аптасына үш рет шығатын газеттің қазанында Жақаңмен бірге қайнап, бірге толыстық. Тағдыр жазып Жақсылықпен бірге жездесі Әбілдә Мұхтаровтың үйінде жастық кезеңнің біршама уақытын өткізгеніміз бар. Ол тұста біздің әке-шешеміз Бірліктің Қауық елді мекенінде тұратын. Сол уақытта ақындар Адырбек, Бақтыбай, Әкім, Қуат, Орынбасар болып газет жанынан Жақаң басшылық жасайтын «Сыр перзенті» әдеби бірлестігіне тұрақты қатысып, өлең-оқып, әңгіме тыңдап, ой-пікір айтып, өнердің жұмбақ сырларына қанықтық. Бірқатарының тырнақалды өлеңдерінің тұсауы аудандық газетте кесілген еді. «Сыр перзентінен» сапары басталған Есенғали Раушанов, Жанат Ахмади, Жолтай Әлмашұлы, Жадыра Дәрібаева, Әбілхан Әбіласан, Ақмырза Құлтасов, Нұрмахан Елтай, Жұмабай Әбілов, Базарбай Исаев, Байбота Серікбаев, Нұртас Исабаев, Гүлзат Шойбекова, Оразбек Мақсұтұлы кейін әдебиетсүйер қауымға кеңінен танылды.

Жақаң аудандық газетте жүріп толысты, шығармашылыққа біржола бет бұрды. Қызметі өсті, газеттің ауыл шаруашылығы бөлімін меңгерді. Сол кездегі КСРО Журналистер одағына мүше болды. ҚазМУ-дың журналистика факультетін, Жоғары партия мектебін бітірді. Ауылдағы қайнаған тіршілікте жүріп биік белестерден көрінген қарымды қаламгер тоқсаныншы жылдардың басында «Ленин жолы» (бүгінгі «Сыр бойы») газетіне басшылық жасады. Бас газеттің бас бапкері болып абыройлы қызмет атқарды.

Қаламгер үшін уақыт өлшем емес. Оның бар байлығы мен мұраты – оқушы ойын дөп басар шығарма тудыру. Осы бағытта өлшеусіз еңбек етіп, бейнеті қайтқан қаламгердің «Жалын», «Өнер», «Қайнар» баспаларынан әр жылдарда шыққан «Жанымның жарығы», «Алыстай берген ауылым», «Өмір самалы» аталатын көркем хикаяттары мен «Болашаққа сенім», «Жастықтың жанартаулары», «Ғұмыр-дария», «Жібек жолындағы жұлдыздар», «Тулаған толқындар» атты деректі очерктері мен публицистикалық еңбектері бар. Қазақтың елдік туын көтерген қалам қайраткерлеріне берілетін «Алаш» әдеби сыйлығын алды. Үздік деп табылған үркердей топта, елімізге белгілі шығармашылық иелерінің қатарында Жақсылық Рахматулланың болғанына қуандық.

Ол прозада да, публицистикада да айтарын жеткізіп, өндіріп жазып кетті. Қай тақырыпта болмасын төселгені, әсіресе, ауылдың тіршілік-тынысын боямасыз суреттегені, тілінің шұрайы менмұндалайтын. Оқиғаны өрбітуі, ой айтуы, шытырман сәттерді шынайы көрсетуі оқушы ойын дөп басты. Көкейкесті проблема көтеріп, журналистер мұңын ашық айтуы, ұрпақ тәрбиесіне қатысты жанайқайы оның бұл саладағы еңбеккештігін таныттты.

«Адам ауруға да, тосыннан келген қиындықтарға да қарсы тұра алады. Егер оның рухы мықты болмаса, жаратылысында қайсарлық уыты болмаса, ол көрінген, кезіккен кедергіге, басына түскен ауыртпалыққа қарсы тұрар жігер-қайраты әлжуаз болса, онда әдепкі кездескен қиындықта шарт сынып, тағдырдың жазғанына не шара деп желдің ырығына бағына салады. Шыдамдылық, қажыр-қайрат пенденің бойында әрқалай, бірде күшті, бірде әлсіз. Мұндайда рухтың әлсіздігі адамның өмірінде жайсыз, қолайсыз оқиғалардың шырмауына түсіп, өмірдің тәттісінен гөрі ащы дәмін көбірек татқан, сөйтіп ой мен санасын өкініш, уайым, қайғы меңзеп алған жандарда көбірек білінетін шығар менің-ше» деп толғаныпты ол «Рухтың оралуы» хикаятында. Тағдырдың шырғаландарына қарсылық етер рухты осалдатқан пенде тірліктің жақсылығы мен жаманды-ғын ажырата білмей қор болатынын айтыпты. Рас-ау, деп ойға баттым.

Адамның жүрген жолында белгі қалмаса, өткеннің бәрі жалған. Жақаңның соңында сөз қалды, игі ісі қалды. Қаламгердің жүрек кілтін ашатын жылы сөздері, үлкенге құрметі, кішіге қамқорлығы туралы әлі талай айтылады, жазылады деп ойлаймын. Уақыт өте келе оның мұраларына қайта үңіліп, жазусыз өнерінің үлгісіне айналдыратынымызға бек сенімдімін.

Файзулла САХИЕВ,
ақын-журналист

Бала құқығы басты назарда

Баланы қорғау – біздің қанымызда бар, бабалардан келе жатқан асыл қасиет.

Тек қазіргі жаһанданған, дамыған қоғамда сол қағидаттарды қағазға түсіріп, заңдастырып жұмыс жасаудамыз. Соның ішінде біздің мемлекетіміздің халықаралық конвенцияларға қол қоюы да осы ата жолды жаңғырту секілді. Болмаса, бабаларымыз баланы қорлап, құқығын аяқ асты етпек түгілі бала көзінше жаман сөз айтпаған, дауыс көтеріп бір-бірімен де ұрыспаған. Бала көңіліне қаяу түсірмеу үшін неше түрлі наным-сенімдер мен ырым-тыйымдар шығарған. Мәселен, «Бала періште, оның көзінше балағат сөз сөйлесе, періште қашады» деп сенген. Бұдан асқан қандай қорғалған құқық болуы мүмкін? Зорлық-зомбылық, жыныстық әбестіктердің атын да атамайсың мұндайда.

Қазақтан келе жатқан тәрбиелік даналық сөздерге мән берсек, мысалы, «Жиенге қол тигізген адамның қолы қалтырауық болады» дегені, қолына су құйған балаға бата беруден бастап, «күлшелі бала сүймекке жақсы» дегені еңбегін бағалағаны, бала құқығының ең биік шыңын көрсеткені емес пе?!

Баланы еңбекке тартуда «бұғанасы қатпаған», «буыны бекімеген» деп бөліп, жұмыстың мөлшерін анықтаған. «Жерде бір жетім жыласа, көкте мың періште күніренеді» дегені рухани тұрғыда дала заңының жазылмаған қағидаттары еді. Бүгінде бала құқықтары туралы конвенцияда «Мемлекет бала денсаулығын және максималды ықтимал дәрежеде өмірін сақтап қалуға міндетті» деп көрсетілген баптар бар.

Бала туған кезінде ат алуға, азаматтық алуға, соның арқасында ата-анасы кім және солар тарапынан қамқорлыққа ие болуға құқылы. Индивидуалдығының сақталуына, өз ата-анасымен бірге тұруға, егер баланы бір, әлде екі ата-анасымен айырса, ата-анасымен байланыста болуға, өз ата-анасымен кез келген елге кетуге және ата-анасымен қайта қауышуға немесе ата-анасымен жеке қарым-қатынас жасау мақсатымен кез келген елге келуге, еркін өз көзқарасын білдіруге, информация алуға, ерік, ұждан, дін бостандығына құқы бар. Ешқандай мемлекет пен қоғам тарапының қысымсыз басқа адамдармен кездесуге және ассоциацияға кіруге немесе оны өзі емін-еркін құруға, жеке өміріне, жанұя ісіне және үй іші ісіне, жазысқан хаттарға араласпауына, өсек-аяңдар мен жаладан қорғаныс алуға және тағы басқа құқықтары көрсетілген.

Біздің елімізде аталған конвенцияның, Ата Заңның және ел заңдарының аясында бала құқықтары толықтай қолға алынған. Дегенмен, бала құқығының бұзылып жатқан тұстары да бар. Ондағы басты себеп – отбасының дұрыс болмауы. Әсіресе өгей әке, өгей ана тарапынан орын алуда. Түптеп келгенде, бұның барлығы балалардың заңдық түрде толық қорғалғанын сезінбеуінен, сол үшін заң алдында жауап беріп, жаза басатынын ойламаудан болып жатады.

Соттар тарапынан бала құқықтарының қорғалуы ерекше назарда. Балалар құқығына нұқсан келтіргендерге қашанда жаза қатаң. Сондықтан бала құқығын сақтап, әркез құрметпен қарауды ұмытпаңыз.

Талант ТІЛЕП,
Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы

ҚАЗАНАМА

Қыркүйек айының 14-і күні Қызылорда қаласының ардақты азаматы Смаилов Қайрат Қыстаубайұлы дүниеден өтті.

Қайрат Қыстаубайұлы 1974 жылы туған. 1992 жылы Қызылордадағы кооперативтік техникумын «Тұтыну қоғамдарында коммерциялық шаруашылықты ұйымдастыру» мамандығы бойынша бітіріп, «Ұйымдастырушы-коммерсант» біліктілігі берілген. 1994 жылы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлік институтына «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша түсіп, Қызылорда мемлекеттік университетін «экономист» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2000 жылы «Береке» ЖШС сатушысы болып

бастаған. 2001 жылдың маусым айынан бастап Қызылорда қалалық қаржы бөлімінде, Қызылорда облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінде, Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында және Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында маман, жетекші маман, бас маман, бөлім басшысы қызметтерін атқарған.

Қаржы саласында атқарған абыройлы қызметі үшін Қ.Қыстаубайұлы алғыс хаттар, дипломдармен марапатталды.

Қайрат Қыстаубайұлының жарқын бейнесі ұжымының жадында мәңгі сақталады.

Қызылорда облысы әкімінің аппараты, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау, ішкі саясат басқармалары

АБАЙ МЕКТЕБІНДЕГІ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Елімізде Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернат бар. Алматы қаласындағы білім ордасының бір ерекшелігі – оқушылар негізгі пәндерден бөлек шешендік сөз өнері пәнін қатар игереді.

Мұндай өзгеше бағыттағы сабақ барысында баланың сөйлеу, жазу нормасын қалыптастыру, сөздердің мағынасын жете түсіну, ойлау жүйесін жетілдіру секілді дағдылары қалыптасады. Аталған мектеп-интернатының пән мұғалімі Жарқын Сәленұлы сабақ барысында Абай Құнанбайұлының шешендік өнеріне ерекше мән берілетінін айтады.

– Басты мақсат – оқушыларды қазақ тілінде еркін әрі сауатты сөйлеуге тәрбиелеу. Бабаларымыздың мәдени-әдеби жәдігері мен болмысы сөз құдіретіне бай екенін өскелең ұрпақтың санасына сіңіруге тырысамыз. Бұл орайда Абай мұралары да шет қалмайды. Сабақ барысында Абайдың сөз өнері, шешендік қыры, қарым-қатынаста қолданған сөйлеу әдісі секілді өзекті тақырыптар игеріліп, оқушылармен бірге талқылаймыз. Себебі, Абай шығармашылығы – өзіне дейінгі шешендік өнердің жетілген үлгісі, – дейді Жарқын Сәленұлы.

Екі жыл бұрын қолға алынған бастама қазір өз жемісін беріп келеді. Тіпті, шешендік сөз өнер бойынша мектепішілік сайыстар өткізіліп тұрады. Мектеп-интернат жанынан «Ділмәр» үйірмесі құрылған. Оқушылардың алды жоғары оқу орнының студенті атанып, білімін жетілдірсе, үйірме мүшелері сөз додасында топ жарып жүр. Ұстаздың ендігі тілегі – шешендік сөз өнері пәнін мектеп бағдарламасына енгізілсе деген арман.

Айта кетейік, аталған білім ордасының 60 жылдан астам тарихы бар. Сонау 1957 жылы малшы балаларына арналған республикалық деңгейдегі мектеп-интернат болып ашылып, 2003 жылы «Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернат» деген атауға ие болып, оған Үкімет қаулысымен 2006 жылы Абайдың есімі берілді.

Жалпы, шешендік өнер – ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан ақындар мен шешендердің, хандар мен билердің, ел ағасы болған данышпандардың, жастайынан жалындап өскен өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қисынды, қасиетті сөздер.

Рүстем АЙБОЛАТ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 3-курс студенті

БӘРЕКЕЛДІ!

БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗІН ЖАСАДЫ

Қызылордалық өнертапқыш Марат Палмахов баламалы энергия көзін тапты. Бұл мақсатқа ол қарапайым заттар мен құралдарды пайдаланды.

Отыз жастағы өнертапқыш өзі жасап шығарған қозғалтқыштың өндірісте өнімділікті арттыратынына сенеді. Оның ойынша, осы жетістіктің нәтижесінде үлкен қалалардағы экологиялық ахуалды жақсартуға мүмкіндік бар.

Өнертапқыш бұл жобаны бес жылдан бері жоспарлап жүрген. Алдымен идеясын қағаз бетіне түсіріп, оның формуласын жасап шығарды. Құрылғы сумен қуат өндіре алады. Сол арқылы ірі өндіріс ошақтарын жарықпен қамтамасыз етуге әбден болады.

Айтуынша, жобаның қырыққа тарта нұсқасы зерделеуден өткен. Әрбірінен табылған кәтеліктер түзелген. Бірнеше сынама жасап көрді. Құрылғы тек электр қуатын өндіріп қоймайды. Ол сумен қамтуға да мүмкіндік туғызады. Осылайша, оны екі функцияны атқаруға пайдалануға болады.

Өнертапқыш аталған құрылғыны шалғай елді мекендерде электр қуатымен жабдықтау мақсатында пайдалануға болатынын айтады. Сондай-ақ, биік жерде орналасқан егіс алқаптарын аталған құралды пайдалану арқылы суаруға мүмкіндік бар. Ол климаттық жағдайға ешбір тәуелді емес. Оған күннің сәулесі мен желдің күшінің қажеті жоқ. Су көзі мен оның сағасы болса жетіп жатыр. Сондықтан артық шығын кетпейді. Өнертапқыш экологиялық таза құрылғы алдағы уақытта өндіріске енгізілетініне сенеді.

Әділет ТАЛАПТАН

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

2018 жылы қатты сырқаттанып, Қармақшы аудандық ауруханасының реанимация бөліміне түстік. Ақ халатты абзал жандардың адал қызметі арқасында құлан-таза айығып шаңырағымызға оралдық. Ел арасында айтылып жүрген адамдар "бірінші байлық – денсаулық" деген сөзге құлағымыз үйреніп кеткен бе, әлде ауырмаған соң түсінбейміз бе, денсаулықтың қадірін сол кезде түсіндік. Сол 2018 жыл отбасымыз үшін қиын болды. Міне, содан бері әлі сынақтардан өтіп келеміз. Аман-есен келе жатқан себебіміз ол бірінші – Алланың, екінші – ақ халатты абзал жандардың арқасы деп білеміз. Адам жанын ажалдан арашалап жүрген ауданымыздың білікті невропатолог дәрігері Маликов Әділбек Сайранұлына, сол кездегі реанимация бөлімінің дәрігері Карикулов Бауыржан Бердібекұлына осы газет арқылы алғысымызды білдіре отырып, отбастарына амандық, дендеріне саулық, қызметтерінде

абырой биігінен көріне беріңіздер демекпіз.

Саракүл Шитенова, Нұржан Мамырбаев, емделушілер

ОТАН ҚОРҒАУДЫҢ САРБАЗЫ, ТӘРТІП САҚТАУДЫҢ САРДАРЫ

Бүгінгі күні Сырдария ауданының қасиетті төрінде бір орынның босап қалғанын көзімізбен көріп, көңілімізбен сезінудеміз. Ол орын осыдан қырық күн бұрын бақилық сапарға аттанған Ұлы Отан соғысының сарбазы, ішкі істер саласының полковнигі, тәртіп сақтаудың сардары, «Сырдария ауданының құрметті азаматы», батағой ақсақалымыз Маханбет Бержановқа тиесілі болатын. Майдангер Маханбет Бержановтың өзі өмірден өтсе де, артында өшпес ізі қалды. Ол құрметтеуге лайықты қайраткер-тұлғаның нағыз өзі еді.

Өмірде талай адаммен қызметтес боласың, жақсы мен жаманды көресің, тыңдайсың. Дегенмен, бәрі есте қала бермейді. Осы ретте, өмір өткелінде таныс болған адамдардың көпшілігі бүгінде ұмыт болғаны жасырын емес. Олардың аздағаны жадында, санаулысы ғана санаңда. Сол санаулылардың бірі де бірегейі, өнегелі өмір иесі Маханбет аға еді.

Майдангер Маханбет Бержановты жақынырақ танығаныма, көргеніме, білгеніме жарты ғасырдан астам уақыт болыпты. Мен ауылдан аудан орталығына қызметке ауысып келгенімде Махаң аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары екен. Аудандық партия комитетінің қызметкері ретінде ол кісімен жиі кездесіп, жұмыс барысымен араласып тұруыма тура келді. Ол кісінің сөзінен, жүріс-тұрысынан, өзін-өзі ұстауынан нағыз тәртіптің адамы екені анық та айқын аңғарылатын. Ол кезде ішкі істер бөлімінде қазіргідей бірінші, екінші орынбасар деген болмайтын. Жалғыз орынбасар ол Маханбет Бержанов еді.

Сол кездегі аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қартаңдау, жүріс-тұрысы баяулау, зейнет демалысын күтіп жүрген подполковник болатын. Сондықтан ішкі істер бөлімінің ішкі және сыртқы тірлігінде әркез орынбасар Махаң жүретін. Біз ол кісінің өз мекемесінің жұмысын жете білетіндігіне тәнті болатынбыз. Жиналыстарда сала жұмысын терең баяндайтынына, қоғам мүддесін жанашырлықпен қорғайтынына куә болушы едік. Махаңның

ерекше бір қасиеті бастықтарға жеке қабылдаулар мен жиналыстарда өз пікірін ашық, батыл айта алатындығында еді. Өз мүддесін қызметтен ешқашан жоғары қоймайтын. Ортақ абырой үшін азаматтық ұстанымын қай кезде де еркін жеткізе білетін.

Біз қызмет еткен жылдары ауданның құқық қорғау саласында қазіргідей екі қабатты үлкен кеңсе, жүздеген қызметкер, көлік мінген тәртіп сақшылары болған жоқ. Аудандық ішкі істер бөлімінің кеңсесі Тереңөзектегі қазіргі «Парасат алаңы» аумағында орналасқан төрт-бес бөлмелі жер үй еді. Ескілеу көлік бастықта ғана болатын. Ол да бір күн жүрсе, бір күн бұзылып қалады. Жұмыс көлемі қазіргіден кем емес. Тәртіп те, жауапкершілік те жоғары. Бірақ, Махаңдар қолда бар мүмкіндікті тиімді, ұтымды пайдаланып, аудандағы қоғамдық-саяси ахуалдың қалыпты болуы үшін бар күш-жігерін жұмсады. Қызметкерлер тобының шағындығына, көлікпен қамтамасыз етілмеуіне қарамастан, ауданда тәртіптің сақталуына, халық тыныштығының қамтамасыз етілуіне қол жеткізді. Бұл еңбек еленді, көп өтпей ол кісі Тереңөзек ауданында жүргізілген белсенді, осы жұмыстардың нәтижесінде Махаң Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалды. Ол ауданда да беріле жұмыс істеуі арқылы қол жеткізген абыройлы істерін алыстан естіп жаттық. Әркез «біздің ауданның мақтанышы» деп айтып, үлгі тұтып жүретінбіз. Негізі Маханбет ағаны біздің ауданымыздың шын патриоты десек, қателеспейміз. Оған майдангер ағаның өнегелі өмірінен көп мысал келтіруге болады. Мәселен, кейбір бастықтар әдетте зейнет демалысына шыққаннан кейін үлкен қалаларды саялап, ел аралауды жоспарлайды. Бірақ, біз білетін Маханбет аға олай істемеді. Қай кезде де ауданнан табылды, туған жерден алысқа ұзамады. Тіпті еңбек демалысында жүрсе де, ауданның тазалығына, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне шынайы жанашырлықпен қарайтын. Ал зейнет демалысына шыққан соң ауданның зиялысы, құрметтісі атанды.

Басшылықтың тапсырмасымен, үлкен сенімімен Маханбет Бержановтың Қармақшы ауданына қызмет ауыстырған кезі әлі есімізде. Көпшілік қызмет бабымен көршілес ауданға қоныс аударған ол кісіні үйін сатады деп ойлаған болатын. Бірақ, Махаң жеке үйін сатпады. Оның себебін ауданға, тереңөзектік жерлестеріне қимастық және құрмет сезімімен байланыстыруға болады. Өзі де кейін Тереңөзекке полковник шенімен қайтадан келді.

Жеңіс туын желбіретіп, ұрпаққа бейбіт күн сыйлап, жұмыста абырой биігіне көтерілген майдангер Маханбет Бержанов Қармақшыдан Тереңөзек ауданына қайта оралғанда ерекше қуандық. Ол кісі ақсақалдар тобын толықтырды. Көпшілік жиындарда төрдегі бір орынды Махаң үшін ұстап отыратын болдық. Ардақты аға өзінің саналы, ғибратты ғұмырында ауданның қоғамдық өміріне белсене араласты. Аудандық ардагерлер кеңесі мен алқасының мүшесі ретінде қарттарды, әсіресе соғыс және тыл ардагерлерін әлеуметтік қолдау мәселелерін көтеріп, оңтайлы шешілуіне көп көмек жасады. Жұртшылықпен кездесуде өткені мен бастан кешкені жайлы тағылымды естеліктерін әсерлі етіп айтушы еді. Соның бірде-бірінде жеке басын дәріптеген сөзін естімеппіз. Ол кісінің елге жасаған еңбегіне орай аудан басшылары әрбір мереке сайын құттықтап, батасын алатын. Бұл қалыптасқан дәстүрге айналған да еді. Өзінің еңбегін, ерлігін айтып, құрмет дәмету Махаңның болмыс-бітіміне мүлдем жат болатын. Ол турашыл, әділ, жан дүниесі таза азамат ретінде бізге үлгі-өнеге көрсетті. Ардагер «Сырдария ауданының Құрметті азаматы» атағына ұсынылғанда комиссия мүшелері атақтың Маханбет Бержановқа берілуін бірауыздан қолдағанын, нағыз лайықты кісі екенін жарыса айтқанын көзімізбен көрдік. Бұл елдің ыстық ықыласы, жерлестерінің шынайы құрметі деп қабылдадық. Өзі де сол құрметке әбден лайықты еді.

Мәңгілік Жаратушыға ғана тән. Басқамызға өлшеулі өмір берілген. Ғасырға жуық мәнді де мазмұнды өмір сүрген, елге жасаған еңбегімен ел есінде қалған, «Дүниенің бәлесі мен жамандығынан сақта!» деп бата беретін абзал ағамыз бүгін ортамызда жоқ. Бір жұбаныш, артында шаңырақ ошағының отын сөндірмейтін, ізгілікті ісін жалғастыратын өнегелі, ұлағатты ұрпақ қалды. Жақсы өмір сүріп, жақсы қартайып, артына тек жақсы істер мен өнеге қалдырған Маханбет ағаның топырағы торқа, пейішке барар жолы нұрлы, мәңгілік мекені жұмақ болсын деп тілейміз!

Хайролла ӘБЕНҰЛЫ,
Сырдария аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Сырдария ауданының Құрметті азаматы»

«ҚАЙСАР» ҚАЙСАРЛЫҚ ТАНЫТА АЛМАДЫ

Жарты ғасырдан астам Сыр өңірінің намысын абыроймен қорғап келе жатқан «Қайсар» командасы еурокубоктағы тұсаукесер ойынын өткізді. Шымкент қаласындағы Қ.Мұңайтпасов атындағы стадионда Кипрдің АПОЭЛ клубын қабылдады.

Қазақстандық жанкүйерлер бұл клубтың шеберлік деңгейін жақсы біледі. Кипрлік футболшылар бұдан бұрын Чемпиондар лигасы мен Еуропа лигасы топтық кезеңінде сынға түсті. Азулы қарсыластарымен терезесі тең ойын көрсетті. Сондықтан «Қайсарға» жеребе жолдас бола қойған жоқ деуге негіз бар.

Біздің команда мұндай бәсекеде тұңғыш мәрте бақ сынап отыр. Көп жағдайда тәжірибенің аздығы да кедергісін келтіреді. Десе де, әрбір кездесу команда үшін шеберлік деңгейін арттыруға мүмкіндік.

Ойын барысынан байқағанымыз, «Қайсар» футболшылары жанкүйер сенімін ақтауға бар күшін салды. Төреші ысқырығы естілген сәттен алға қарай ұмтылды. Осындай сәттердің бірінде команда капитаны Асхат Тағыберген қақпаға алыстан шірене тепті. Оны АПОЭЛ қақпашысы Жоау Маседу кері қайтаруға мәжбүр болды. Сол сәтте қақпа маңында тұрған «Қайсар» шабуылшысы Элгуджа Лобжанидзе бұл мүмкіндікті мүлт жіберген жоқ.

Бұдан кейін киприлік команда да бірнеше қауіпті шабуылдарды ұйымдастырды. Олардың қатарынан Томас Де Винсенти 15-минутта таразы басын теңестіріп кетті. Ал 25-минутта Ануар Тухами АПОЭЛ-ді алға шығарды. Ал екінші кезеңде Омер Атцили 48, Томас Де Винсенти 90-минутта мергендік танытып, қорытынды есепті белгіледі. АПОЭЛ клубы «Қайсардан» 4:1 есебімен басым түсті. Жеңімпаз бір ғана ойын нәтижесімен анықталды. Жарысты киприлік клуб жалғастырады.

Биыл Еуропа лигасында қазақстандық клубтар сәтсіз ойын көрсетті. Алматыда елордалық «Астана» Черногорияның «Будучность» клубына 0:1 есебімен жол берді. Ал Алматының «Қайраты» Израильде «Маккаби» (Хайфа) клубынан 1:2 есебімен жеңіліп қалды.

«СБ» ақпарат

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Досан» селолық тұтынушылар кооперативі (БСН 330100227029) өз жұмысын тоқтататынын хабарлайды.

ТҮЗЕТІЛІП ОҚЫЛСЫН

Облыстық «Сыр бойы» газетінің 2020 жылдың 17 қыркүйектегі №139 (20015) санында жарияланған «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтының хабарландыруындағы «2019-2020 оқу жылына бос оқытушылық қызметтік лауазымдарына конкурс жариялайды» мәтіні «2020-2021 оқу жылына бос оқытушылық қызметтік лауазымдарына конкурс жариялайды» деп түзетіліп оқылсын.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26648 | Тапсырыс №244 | Кезекші редактор **Сара АДАЙБАЕВА**